

«АЛМАТЫ АҚШАМИНЫҢ» ҚОНАҚЖАЙ ШАҢЫРАҒЫ

Нұртөре ЖҮСІП, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

САНАНЫ ЖЕТІЛДІРЕТІН УАҚЫТ ЖЕТТІ



Кино – қай заманда да өте қуатты идеологиялық құрал болып саналғаны белгілі. Ойшылдар сөзімен айтсақ, «кино – уақыттың ғана емес, рухтың да бейнесі». Әсіресе, бүгінгідей ақпарат тасқынында адасып жүрген қоғам үшін сапалы кино – тек өнер туындысы ғана емес, айқын рухани бағдар. Соған орай, ұлттық болмысты терең танытатын, тәрбиелік мәні зор, рухани тереңдікке жетелейтін фильмдер түсіру – киногерлердің басты міндеті.

Соңғы жылдары еліміздің кино саласында айтарлықтай даму байқалғаны, шығармашылық еркіндік артып, режиссерлердің жаңа буыны қалыптасқаны мәлім. Дегенмен, олардың бағыт-бағдары, көтеріп отырған жүгі, мазмұн сапасы қандай? Ұлт ұланының жан-дүниесіне қаншалықты жақын? Дүниетанымын, ой-санасын кеңейту, рухани болмысын кемелдендіру талабына сай ма? Осы бағдарлар төңірегінде ҚР Парламенті Сенатының депутаты, көрнекті публицист Нұртөре ЖҮСІППЕН сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖЕМІСТІ КҮНДЕР, ЖЕҢІЛ БАҒАЛАР!

Алматыда ауылдың дәмі аңқыған жәрмеңке өтеді

Мамырдың алғашқы демалыс күндері қала тұрғындары мен қонақтарын ауылдың бал татыған табиғи өнімдерімен мол жәрмеңке күтеді.

- шағынауданы (әл-Фараби даңғылынан жоғары);
- Медеу ауданы – Меңдіқұлов бульвары мен Бектұров көшесі бойында.

Жәрмеңкенің басты артықшылығы – өнімдердің нарық бағасынан 15–20% арзан сатылуы. «Алматы» әлеуметтік-кәсіп-

керлік корпорациясы ұйымдастырып отырған бұл шара бағаны тұрақтандыруға және тұтынушыларды сапалы, отандық өніммен қамтамасыз етуге бағытталған. Әр апта сайын бұл жәрмеңкелерге 45 мыңнан астам адам келетінін ескерсек, ауыл мен қала арасындағы алтын көпір күннен-күнге беки түсуде.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

3-4 мамыр күндері мегаполистің төрт ауданында өтетін ауылшаруашылық жәрмеңкесіне Алматы мен Алматы облысынан 318 фермер мен агроөндіруші қатысады. Жәрмеңке аясында тұтынушыларға 900 тоннаға жуық азық-түлік ұсынылмақ. Соның ішінде: 400 тонна жаңа жиналған көкөніс пен жеміс (картоп, сәбіз, алма, қызанақ, т.б.), 390 тонна ет өнімдері (сиыр, қой, жылқы, шошқа және тауық еті), 50 тонна сүт өнімдері (қаймақ, сүзбе, ірімшік), сондай-ақ бал, жұмыртқа, жарма, қант, ұн секілді басқа да 60 тонна өнім сатылады.

- Жәрмеңке 09.00–ден 18.00–ге дейін төмендегі мекенжайларда өтеді:
- Алмалы ауданы – Масаншы көшесі (Әйтеке би мен Гоголь аралығы);
 - Әуезов ауданы – Өтеген батыр көшесі (Абай даңғылынан төмен);
 - Бостандық ауданы – «Қазақфильм»



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

3.05.2025

Түнде:

+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:

+22+24 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

4.05.2025

Түнде:

+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+25+27 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

5.05.2025

Түнде:

+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+27+29 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

01 745178 614887 1>



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

KAZAID – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БРЕНД

еліміздің халықаралық аренадағы орнын айқындай түседі

Кез келген мемлекет тұрақты даму жолына жетуі үшін ішкі экономикалық, әлеуметтік тұрақтылығынан бөлек, аймақтық біртұтастықты қалыптастыруы маңызды. 2024 жылы әлем бойынша гуманитарлық көмек саласына бөлінген жалпы қаржы көлемі \$224 млрд. –қа жеткен еді. Биылғы жылдан бастап АҚШ билігі ЮСАИД ұйымын қаржыландыруды тоқтатқаннан кейін, басқа да батыстық елдер гуманитарлық көмек туралы саясатын өзгертіп, жаһандық саясаттағы «жұмсақ күш» дипломатиясы біршама өзгеріске ұшырауда. Әлемдік тәжірибеде, соңғы 80 жылда батыс елдері гуманитарлық көмек беру ұйымдарын құру арқылы ауқымды тізбек қалыптастыра білді. Сарапшылар арасында аталмыш ұйымдардың рөлі мен маңызы туралы қарама қайшылықты пікірлер де бар. Қалай десек те, мемлекеттік деңгейде өзге ел азаматтарының қамын жеп, гуманитарлық көмек көрсетуге ұмтылу, саяси мәнінен бөлек, адамзаттық ізгі әрекет.

Елімізде Сыртқы істер министрлігі жанында гуманитарлық агенттік ұйымы 2020 жылғы 15 желтоқсанда Қазақстанның Халықаралық даму агенттігі (KazAID) атауымен жұмысын жалғастыруда. Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин 22 сәуірде Ауғанстанға сапармен барып, KazAID ұйымы аясында еліміздің атынан гуманитарлық көмектің екінші бөлігі ретінде 3,4 тонна дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдарды жеткізді. Бұған дейін Ауғанстанға теміржол арқылы 2,2 тонна өсімдік майы, ұн, күріш, шатырлар мен көрпелер жөнелтілген болатын. Жалпы, еліміздің сыртқы саясатында гуманитарлық көмектің маңызы мен ықпалы қандай? Қазіргі таңда Ауғанстандағы тұрақтылықтың біржола орнығуы неліктен тұтас аймақ үшін маңызды? Осы және өзге де сауалдарға жауап іздеп көрелік.



(Дереккөз: www.egov.kz).

Мақсат – ұзақ мерзімді тұрақтылықты қалыптастыру

KazAID секілді агенттіктер дамушы елдермен ынтымақтастықты тереңдету үшін дипломатиялық тетік. Ұлттық экономика министрлігінің дерегіне сәйкес, Қазақстан Ауғанстанның негізгі сауда серіктестерінің ондығына кіреді. Сауда байланысында астық пен ұн қазақстандық дәстүрлі тауарлар саналады. Гуманитарлық көмек көрсету арқылы мемлекеттер халықаралық беделін арттыруға мүмкіндік алады.

Қазақстандық делегацияның Кабулға сапары барысында делегация басшысы, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Қазақстан халқынан Ауғанстан халқына гуманитарлық көмектің екінші жартысын ауған тарапына тапсырып, Ауғанстан Премьер-министрінің орынбасары Абдул Ғани Барадармен кездесті. Жүздесу барысында жалпы Қазақстанның аймақтағы мүддесі мен Ауғанстанның аймақтағы маңыздылығына ерекше тоқталып өтті.

2021 жылдан бері Қазақстан Ауғанстанға ондаған мың тонна ұн, азық-түлік, дәрі-дәрмек, тұрмыстық зат пен жылы киім жібергенін білеміз. Биыл наурыз айында Алматыда Орнықты даму мақсаттары бойынша Орталық Азия мен Ауғанстан елдеріне арналған БҰҰ аймақтық орталығы ашылды. Серік Жұманғарин

Абдул Ғани Барадармен аймақтық орталықты құрудағы негізгі мақсат – Орталық Азия елдерінің Ауғанстанмен әлеуметтік-экономикалық және іскерлік ынтымақтастығын жандандыру деп атап өтті. Сондықтан Орталық Азия елдері қазақстандық бастамаға қолдау білдіріп, болашақта ортақ маңызды жобаларға негіз салуда, әрі бұл заңды құбылыс деп білеміз.

Ауғанстан үшін Қазақстан – сенімді әріптес, маңызды экономикалық серіктес. Біріншіден, Қазақстан – азық-түлік пен мұнай өнімдерінің тұрақты жеткізушісі ретінде Ауғанстандағы әлеуметтік тұрақтылық үшін маңызды рөлге ие. Екіншіден, Қазақстан Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсетіп, білім беру, мәдениет, адам капиталын ілгерілету бойынша ауқымды жобаларды атқаруда. Себебі, Қазақстан үшін Ауғанстанның геосаяси маңызы бар. Түрікменстан, Ауғанстанды Иран арқылы жалғайтын «Тургунди – Герат – Кандагар – Спин-Булдак» теміржол құрылысына тараптар ерекше мән беріп отыр. Болашақта мұндай аймақтық, логистикалық жобалардың сәтті жүзеге асуы, меніңше Орталық Азияның транзиттік әлеуетін тек арттыратын болады.

Логистиканың рөлі

Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы қарым-қатынастар соңғы жылдары логистика саласында серпінге ие болды. Ынты-

мақтастықтың негізінде тек гуманитарлық немесе саяси мүдделер ғана емес, сонымен қатар экономикалық және логистикалық факторлар да жатыр. Екі ел арасындағы логистика саласындағы байланыстар өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз ету мен транзиттік әлеуетті тиімді пайдаланудың маңызды құралына айналғаны айқын.

Қазақстан Ауғанстанмен көлік және логистикалық инфрақұрылымдарды дамытуға ерекше мән береді. Херат провинциясында логистикалық хаб құру жобасына қатысу – Қазақстанның өңірлік байланыстарын кеңейтуге бағытталған. Хаб арқылы Орталық Азия мен Оңтүстік Азияны тікелей байланыстыру мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Қазақстан үшін Ауғанстан аумағы арқылы Пәкістанның Карачи және Гвадар порттарына жол ашу идеясы – өте тиімді бастама деп санаймыз. Бұл бағыт еліміздің Оңтүстік Азия және Үнді мұхиты аймағындағы нарықтарға шығып, экспорттық әлеуетін кеңейтуге ықпал етеді. Еліміз Ауғанстандағы Торгунди–Херат теміржол желісіне \$500 миллионға жуық инвестиция салды. Ауғанстанмен логистикалық байланысты нығайтып, Хоргос құрлық порты арқылы ауғанстандық тауарларды Қытай нарығына жеткізудің тиімді балама жолын ұсынды. Стратегиялық тұрғыдан бұл жоба болашақта Ауғанстанды Орталық Азиялық сауда торабының маңызды мүшесіне айналдыруды көздеп отыр.

Еліміз үшін логистикалық байланыстардың тағы бір маңызы – сыртқы сауда бағыттарын әртараптандыру. Ауғанстан арқылы өтетін құрлық жолдары елімізге теңіз порттарына балама бағыт ашпақ.

Қорыта айтсақ, Қазақстан үшін баламалы оңтүстік және оңтүстік батыс бағыттағы сауда жолы – өңірлік интеграцияны тереңдетудің, экономикалық серіктестікті дамытудың және геосаяси ықпал аясын кеңейтудің маңызды тетігі. Стратегиялық тұрғыда Орталық және Оңтүстік Азияны жалғайтын көпір ретіндегі еліміздің рөлін күшейтіп, халықаралық аренадағы Қазақ елінің орнын айқындай түседі.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



БРИФИНГ

МАЙДАНГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Алматылық 21 ардагер 5 млн теңгеден алады

Алматыда Жеңіс күні 70-тен Астам іс-шара өтіп, 21 ардагер 5 млн теңгеден алады. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орайластырылған өзге де жаңалықтар мен маңызды іс-шараларды Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов атап өтті.

Нұржамал
ӘЛІШ

Қалада қазір соғысқа қатысқан 21 ардагер мен 6 мың тыл еңбеккері бар. Спикердің айтуынша, олардың бәрі мемлекеттік жәрдемақы алмақ. Жеңістің құрметіне орай әр ардагер 5 млн теңгеден, тыл еңбеккерлері 100 мың теңгеден алады. Жеңіс күні Алматыда ауқымды мерекелік іс-шара ұйымдастыру жоспарланып отыр. Мәдени, әлеуметтік, спорттық және әскери-патриоттық бағытта



76 үлкен-үлкен іс-шара өткізілмек. Алматыда 6200 адам «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы» деп аталатын мерейтойлық медальмен марапатталады.

9 мамыр күнгі ең басты іс-шара – 28 панфиловшылар атындағы парктегі Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою. Осы жерде соғыс жылдарындағы әндер шыр-

қалып, ардагерлер соғыс кезіндегі көрген-білгендерін әңгімелеп, қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алысады.

Сондай-ақ, сол күні Алматыда әкімдіктің қолдауымен ардагерлер ұйымдары «Батырларға тағзым» атты патриоттық акция өткізеді. Іс-шара сағат 10.15-те басталып, көпшілік Орталық демалыс

паркінен 28 панфиловшылар атындағы паркке дейін жаяу жүріп өтіп, Мәңгілік алауға келіп салтанатты түрде гүл шоғын қоймақ.

«Бірлік – мемлекет тұтастығының кепілі. Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз. Қазақстанның болашағына да бәріміз бірдей жауаптымыз», – деді Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы Мұрат Әбдішүкіров.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, акция отансүйгіштікке баулиды. Сондықтан олар тұрғындарды жалған ақпаратқа сенбегуге және ақпаратты тек ресми көздерде тексеруге шақырды. «Мерекелік іс-шараға ешнәрсенің кесірі тимеуі керек. Тек ресми ақпаратқа ғана сеніп, тәртіп сақтап, аталарымыздың ерлік істерін құрметтеуге шақырамын», – деді әріптесінің сөзін толықтырған Қазақстанның генералдар кеңесінің төрағасы Бексұлтан Сәрсеков.

Әсіресе, жастардың патриоттық тәрбиесіне өте көп көңіл бөлініп отыр. Осыған орай оқу орындарында «Ардагер өсиеті», «Батырдың ұрпағымын» деп аталатын әскери-патриоттық акциялар өтуде. «Жеңістің 80 жылдығына орай, қалада биыл 1975 жылдан бері алғаш рет Даңқ мемориалы толық жаңартылды. Бұдан бөлек, ашық аспан астындағы әскери техника музейін ашу жұмыстары да аяқталып, Армия үйіндегі әскери-тарихи музей де қайта жаңартылды», – деп атап өтті Ақан Бижанов.



ДЕМОГРАФИЯ:

жетістіктер де, тәуекелдер де бар

Демографиялық жағдай мемлекеттің күш-қуаты мен дамуының бірден-бір факторы. Оған әсіресе, баланың туылуы, дамуы мен денсаулығын сақтау көрсеткіштері әсер етеді. Елімізде соңғы 10 жыл-дықта бэби-бум байқалып, туу көрсеткіші өсті. Алайда, сарапшылар бұл үдеріс баяулап жатыр деп дабыл қағуда. Тіпті, алдағы уақытта туу көрсеткіші мүлдем түсіп кетуі мүмкін. Бұл пікірді ескеріп, біз Ұлттық статистика бюросының мәліметтерін талдадық. Нәтижеде бала демографиясында жетістіктермен бірге, мемлекет мән беруі тиіс тәуекелдер де анықталды.



СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

2024 жылы Статистика бюросы «Қазақстан балалары – 2019–2023» атты статистикалық жинақ шығарған. Онда 0 мен 17 жас аралығындағы балалардың саны, денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын ұстануы, білім алуы, бос уақытын қалай өткізетіні, оларды әлеуметтік қорғау қалай жолға қойылғаны, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жағдайы, олардың әлеуметтік жағдайы, жұмыспен қамтылуы туралы мол статистикалық мәліметтер жинақталған.

Жинақта жасы бойынша балалардың саны 2011, 2021, 2023 және 2024 жылдың 1 қаңтарындағы статистика бойынша берілген. Статистика бюросының әдіснамасында балаларға 0 мен 17 жас аралығындағылар жатады. 2011 жылы балалардың саны 4,8 млн. 2021 жылы 6,2 млн. ал 2024 жылы қаңтарда 6,8 млн. -нан асқан.

Төмендегі кесте жинақтағы мәліметтерге сүйене отырып дайындалды. Онда балалардың санымен қоса, 0–14 және 15–17 жас аралығындағы балалар саны бөлек көрсетілген.

Жасы	2011 ж.	2021 ж.	2023 ж.	2024 ж.
0-17	4 851 153	6 292 916	6 737 957	6 841 445
0-14	4 029 647	5 520 113	5 835 422	5 855 976
15-17	821 506	772 803	902 535	985 469

Статистикаға мұқият қарайтын болсақ, соңғы онжылдықтарда қалада тұратын балалардың саны ұдайы өсіп жатқанын байқаймыз. Керісінше, ауыл балалары азайып барады. Бұл 2000 жылдардан бері қарай жүріп жатқан урбанизацияның жемісі. Экономикалық қажеттілік адамдарды қалаға көшуге түрткі болуда. Алайда, урбанизация бүкіл әлемдік үдеріс. Дегенмен, егер осылай кете берсе ауылда демографиялық дағдарыс болуы мүмкін.

Төмендегі кестеде қаладағы балалардың саны өсіп, ауылда азайғаны пайызбен көрсетілген. 2011 жылы қала балаларының үлесі 50,61% болса, 2024 жылы 60%-ға жақындаған. Ал ауыл балалары 49,39%-дан 40%-ға азайған.

Өмір сүретін орны (0–17 жас)	2011 ж.	2021 ж.	2023 ж.	2024 ж.
Қала	50,61%	56,53%	59,56%	59,98%
Ауыл	49,39%	43,47%	40,44%	40,02%

ӨҢІРЛЕРДЕ БІРКЕЛКІ ЕМЕС

2024 жылдың басындағы жағдай бойынша балалар жалпы халықтың 34,1%-ын құраған. Бұл демографиялық жағдайдың тұрақты екенінің белгісі. Ал өңірлерде балалардың үлесі біркелкі емес. Балалардың үлесі Түркістан және Маңғыстау облыстарында, Шымкент қаласында көп. Әрқайсысында еліміз бойынша орташа көрсеткіштен көп бала өмір сүреді.

Ал балалардың үлесі аз өңірлерге СҚО, Қостанай және ШҚО жатады. Бәрінде де орташа көрсеткіштен анағұрлым

төмен. Жалпы, 17 облыс пен 3 республикалық маңызы бар қаланың 9-ында орташа көрсеткіштен төмен.

Өңірлер	Үлесі (%)
ҚР	34,1
Түркістан	43,3
Маңғыстау	41,9
Шымкент қ.	40,7
СҚО	23,8
Қостанай	24,9
ШҚО	25,1

АНАЛАРДЫҢ БАЛА ТУУ ЖАСЫ ӨСКЕН

Елдің демографилық жағдайы ана мен баланың денсаулығына байланысты дамиды. Әсіресе, аналардың бала туу жасы аса маңызды. Жинақтағы мәліметті талдап, мынадай қорытындыға келдік. 2005 жылдан бері қарай аналардың бала туу жасы өскен. 2005 жылы бала туу жасы 20-24 болса, 2023 жылы 25–29 жасқа өскен. 30–34 жас аралығындағы туу көрсеткіші де жыл сайын өсуде.

Дегенмен, жағдай мүлдем нашар деп айта алмаймыз. Себебі, 20 жасқа дейінгі туу азайған. Бұл жағымды үдеріс. Себебі, қыздар жоғары білім алып, тұлғалық дамуы тиіс. Мансап жолын таңдаймын десе де мүмкіндік жасалуы керек.

Туған жасы	2005 ж. (%)	2010 ж. (%)	2015 ж. (%)	2022 ж. (%)	2023 ж. (%)
20-ға дейін	7,46	5,57	4,38	3,28	3,26
20-24	34,26	32,98	29,23	21,63	21,19
25-29	29,14	29,74	33,10	29,75	28,88
30-34	17,97	19,06	20,33	26,07	26,22
35-39	8,87	10,08	10,43	15,37	16,18
40-44	2,12	2,42	2,41	3,70	4,00
45+	0,06	0,05	0,01	0,00	0,00

Қорыта келе, біз бала демографиясында жетістіктерімізбен бірге мән беретін тәуекелдер де бар екеніне көз жеткіздік. Жетістігіміз бала туу саны соңғы онжылдықтарда өскен. Олардың халық санындағы үлесі де жоғары. Алайда, балалардың үлесі аз өңірлер де бар. Қала берді, аналардың бала туу жасының өсуі дереу мән беретін мәселеге айналууда. Дегенмен, 20 жасқа дейінгі аналардың бала тууының азаюы оң үдеріске айналууда.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Алматы қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы отырысының 2025 жылғы 25 сәуірдегі хаттамасы негізінде Алматы қаласы мәслихаты төрағасының 2025 жылғы 28 сәуірдегі № 31-НҚ өкімімен Алматы қаласының қоғамдық кеңесінің құрамы бекітілді.

ЖАҢА ҚҰРАМ ЖАСАҚТАЛДЫ

«Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің жаңа құрамы жасақталды. Мәслихат жергілікті өкілетті орган ретінде бұл процесті заңнамаға сәйкес барынша ашық, жария түрде және қоғаммен диалог форматында ұйымдастырды. Бірнеше кезеңдік конкурс пен ашық трансляциямен өткен сұхбаттасулар нәтижесінде Кеңес құрамына 42 адам енді, олардың ішінде:

39 – азаматтық қоғам, коммерциялық емес сектор мен сарапшылық қауымдастық өкілдері, 3 – мемлекеттік органдардың өкілдері. Барлығы 165 өтінім келіп түсті. Бұл қаламыздағы азаматтық белсенділіктің жоғары деңгейін көрсетеді. Құжаттарды тексеру барысында 7 үміткер конкурсқа жіберілмеді, 5-еуі келесі кезеңнен бас тартты. Қалғандары жұмыс тобының мүшелерімен жеке сұхбаттан өтті. Жұмыс тобына қолданыстағы Кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары және ҰЕҰ өкілдері кірді. Оның құрамы да ашық дауыс беру арқылы бекітілді.

Жаңартылған құрамда: 70%-дан астамы бұған дейін Кеңес құрамында болмаған жаңа мүшелер. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, өндіріс, әлеуметтік осал топтарды қорғау және басқа да негізгі салалар қамтылған. 35 жасқа дейінгі жастар үлесі 21,4%-ға дейін өсті. Кеңес мүшелерінің орташа жасы – 46. Кеңеске алғаш рет қандастар мен Ұлттық құрылтай мүшелері енді

Гендерлік және этникалық құрам мегаполистің сан алуандығы мен әлеуметтік құрылымын көрсетеді. Құрам – тәжірибе, жаңа идеялар мен азаматтық белсенділіктің үйлесімі. Жаңа Қоғамдық кеңес билікпен тиімді диалог алаңына айналып, қалалық өмірдің өзекті мәселелерін шешуде маңызды рөл атқаратынына сенімдімін. Кеңестің жұмысы ашық, жүйелі әрі есепті болады. #MaslikhatAlmaty бұрынғыдай оның қызметіне жан-жақты қолдау көрсетіп, тұрғындармен диалогтың ашықтығын қамтамасыз етеді. Бастамашыл болып, өтінім берген баршаңызға алғыс айтамын. Сіздердің белсенділіктеріңіз – қуатты өзін-өзі басқарудың кепілі және «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» негізі», – деп мәлімдеді Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің құрамы: Азаматтық қоғам:

- Абдыхалыков Каиржан Саясатович;
- Айтхожина Любовь Викторовна;
- Аманжолова Зауреш Джуманалиевна;
- Анарбаева Бағдат Бекболатқызы;
- Байгабулова Гульмира Масабаевна;
- Белянов Александр Петрович;
- Бижанов Султан Алиханович;
- Гасанов Рафаэль Руфинович;
- Джепка Богдан Игоревич;
- Ділдабек Дидарбек Жұмағалиұлы;
- Жакупов Нуржан Бауржанович;
- Кабашев Асқат Рахимжанович;
- Кайрыев Рустам Абдусаламович;
- Калимолдин Марат Маутенович;
- Капасов Думан Жандосович;
- Карагулов Ерулан Серикович;
- Кенесов Акежан Бакытулы;
- Кожамсугиров Ермек Амирович;
- Курабаева Жанар Тукешқызы;
- Курманбек Асель;
- Курымбаев Болат Токтобович;
- Қуаныш Біләз;
- Лактюшин Дмитрий Николаевич;
- Ли Елена Эдуардовна;
- Майгарина Гульбану;
- Мурзаева Алина Александровна;
- Мухамеджанов Евгений Викторович;
- Нуралдинов Олжас Елтайұлы;
- Нуртаев Тимур Таймасович;
- Нұратұлы Алтынбек;
- Омарова Касиет Абдижапаровна;
- Рысбеков Марлен Жаксыбекович;
- Сайран Кадыр Раиса;
- Сейтов Совет Саутович;
- Султангалиев Тамерлан Мәлсович;
- Увайсова Хадиджат Мусанниповна;
- Фазылжанова Анар Муратовна;
- Хасенов Махамбет Кабдулкаирович;
- Шардинов Шухрад Ахметжанович.

Мемлекеттік органдардың өкілдері:

- Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы;
- Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы;
- Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: Алматы қаласы Мәслихатының интернет-ресурсы).



«АЛМАТЫ АҚШАМЫНЫҢ» ҚОНАҚЖАЙ ШАҢЫРАҒЫ

(Басы 1-бетте)

Мазмұн тұрғысынан
сапаға көңіл бөлетін
кезең келді

– Нұртөре аға, сіз ұлттық кино өндірісі, оның бет-алысы туралы жиі айтып жүрсіз. «Қазақ киносына ұлттық сипат керек» дейсіз. Сіздіңше, ұлттық сипат неден, қалай көрінуге тиіс?

– Белгілі кинотанушы, профессор Бауыржан Нөгербек ағамыздың бір сөзі бар: «Киноны ұлттық па деп сұрақ қоюдың өзі – парадокс. Өйткені, әдебиет болсын, қай өнер түрі болса да, ол ұлттық болуы тиіс. Егер ондай сұрақ туындаса, онда ұлттық болу жағынан проблемалар бар деген сөз» дейді. Қарапайым тілмен түсіндіргенде, өнер – адамның жан-дүниесінің, ішкі толқынысының әсемделіп сыртқа көрініс беруі ғана. Бұл барлық өнер түріне қатысты. Сондықтан біз қазақ киносы, қазақ режиссурасы жөнінде әңгіме қозғап отырып, оны ұлттық немесе ұлттық емес деп қарауымыздың өзі оғаштау.

Нұртөре ЖҮСІП,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты:САНАНЫ ЖЕТІЛДІРЕТІН
УАҚЫТ ЖЕТТІ

Меніңше, осы елде өсіп, осы елде туып, осы халықтың жан-дүниесін сезініп өскен азаматтардың кез келген туындысынан ұлттық сипат көрініс беретіні анық. Мен үнемі айтып жүретін бір мәселе, бізде қай тақырыпқа кино түсірем десе де, материал жетіп-артылады.

Кез келген фильмді түсіру барысында ұлттық менталитеттің, салт-дәстүрдің, қазақы рухтың элементтерін өтімді ұсына отырып енгізе беруге әбден болады. Ал енді ондай дүниелерді өтімді, жұп-жұмыр етіп жасауға көбіне академиялық, этнографиялық, кәсіби білім жетпей жатады. Меніңше, көп мәселе сонда.

– Қазақ киносы қазір мейлінше жанданды. Мемлекеттік тапсырыс бойынша да, жекелеген студиялардың күшімен де көптеген фильмдер жарыққа шығып жатыр. Киноөндірісі тіпті ырықсыз, бақылаусыз кетіп бара жатқан да сияқты. Қалай ойлайсыз, бұл қаншалықты дұрыс?

– Иә, соңғы онжылдықта отандық киноиндустрия жақсы даму деңгейін көрсетті. Оның негізгі себебі – мемлекеттік бақылаудың, артық регламенттеудің жоқтығынан. Азаматтар бұрынғыдай бірлі-екілі кинокомпанияның есігіне телміріп отырған жоқ. Әркім өз деңгейінше фильмдерді әзірлеп, прокатқа шығарып, еңбегіне сай қаражатын тауып жүр.

Мемлекеттік құрылымдар фильмдерді прокатқа шығар алдында тек мемлекеттік тілдегі ілеспе аударманың бар-жоқтығы тұрғысынан ғана қарап, рұқсат береді. Бұл жеңіл талаптың болуы бір жағынан дұрыс болды деп пайымдаймын. Себебі, осы шығармашылық еркіндік біздің отандық киногерлердің, режиссерлардың тұтастай легін қалыптастырды. Оларға қолынан келгенін жасауға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда кинопрокаттағы отандық фильмдердің үлесі 25%-ға жуықтады.

Бұл экономикалық тұрғыдан елге пайдалы. Қаражат елімізде қалып жатыр. Алайда, мазмұн тұрғысынан сапаға көңіл бөлетін кезең келді. Себебі, түсіріліп жатқан фильмдердің 90 пайызға жуығы – комедия, зорлық-зомбылық жанрындағы жеңіл фильмдер. Оларда тәрбиелік мәнді былай қойғанда, этикаға теріс көше сөздері мен сленгтер, боғауыз сөздер кеңінен қолданылады. Бұл белгілі бір деңгейде өскелең ұрпаққа өз әсерін тигізе бастады. Сондықтан Мемлекет басшысы осы жылғы Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысында: «Кино маңызды идеологиялық құрал екенін бәріміз жақсы түсінеміз.

Сондықтан жеке қаржыға түсірілсе де, фильмді кинотеатрларға шығармас бұрын алдын ала сараптаудан өткізу жолдарын қарастырған жөн» деп атап өтті. Бұған қатысты министрлік тиісті жұмыстарды бастаған да болар.

«Киноиндустриясына жеке
секторды ынталандыру қажет»

– Соңғы жылдары тарихи тақырыпқа түсірілген фильмдер жөніндегі ойыңызды айта кетсеңіз. Артықшылығы қандай, кемшілігі неде?

– Мен отандық фильмдерді жібермей қарауға тырысамын. Оның ішінде, әсіресе, мемлекеттік тапсырысқа шыққандарын. Сондай-ақ, ол фильмдерді қарағанда шетелдік туындылармен ойша салыстыра отырамын. Осы уақытқа дейін санаулы болса да «Көшпенділер», «Жаужүрек мың бала», «Қазақ елі», «Томирис» сынды тарихи тақырыпқа түсірілген фильмдер бар. Бірақ осы іргелі туындылардың өзінде жүйелі қайталанатын эттеген-айлар бар. Басқа-басқа, бізде тарихи ұлы туындыларға негіз болатын материалдар жетерлік. Бірақ біз бір фильммен тұтас бір дәуірді сипаттауға тырысамыз да, киноның фокусын жоғалтып аламыз.

Меніңше, тарихи тақырыпқа кино түсіргісі келген режиссерлер бұл мәселеге асқан жауапкершілікпен келуі тиіс. Мәселен, миллиардтаған аудитория жинаған «Троя», «Спартак», «Патриот», т.б. тарихи фильмдер – режиссердің ойында он жылдап, тіпті одан да көп уақыт пісіп-жетілген туындылар. Ол шедеврлерді жасау үшін режиссерлер бірнеше жылдап ізденеді, соның жолында тарихты зерттеп, ұзақ мерзімді экспедицияларға да кетеді. Бір сөзбен айтқанда, сол кезеңнің тарихына жан-дүниесімен сапар шегеді. Кәсіби тарихшылармен сұхбаттасады. Ескі қолжазбалар мен мұрағаттарды ақтарады. Одан кейін өзі жасап шығатын образдың жан-дүниесін жасай бастайды. Ол да бірнеше жылдарға созылуы мүмкін. Міне, осындай толып жатқан процестерден жетіліп өткен туынды түсірілім алаңына шығады. Екінші маңызды мәселе – қаражат. Ол туындылардың қаражаты ешқашан алдын ала есептелмейді. Фильм толық түсіріліп біткен соң қанша қаражат кеткені есептеледі. Демек, тарихи туындыны жасауда режиссердің қиялына қаржылық кедергілер мүлде болмайды.

Ал енді өзімізге оралайық... Бізде тарихи тақырыпқа фильм түсіруге мемлекет тапсырма береді. Оның уақыты әрі кеткенде екі немесе үш жыл болуы мүмкін. Қаражат тіпті шектеулі. Режиссерді ол тарихи тақырып мүлде қызықтырмауы да мүмкін. Уақыттың түрі анау, қаражаттың түрі мынау, мемлекеттің тапсырмасы үшінші жақтан. Осыдан кейін біз кімге өкпелейміз?! Бұл бағыттағы жұмыстарды жүйеге келтіруіміз керек. Фильмдерді қаржыландыру тетіктерін жетілдіру қажет.

Одан бөлек, креативті экономикаға, әсересе,

киноиндустриясына жеке секторды ынталандыру қажет деп ойлаймын. Фильм жеке қаражатқа түсірілсе, онда шығармашылық еркіндік болады, әкімшілік кедергілер қыспайды.

Тарихи тұлға –
ұлтты танытудың бір жолы

– Ұлттық құрылтайдың наурыз айында өткен отырысында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді әлемге таныту үшін Алтын Орда брендин жан-жақты пайдалану туралы айтты. Бұл бағытта көпсериялы деректі фильмдер түсіріле бастағаны да мәлім. Сіз осы тақырыпта кино түсіруге қатысты қандай мәселелерге назар аудартар едіңіз?

– Иә, Ұлттық құрылтайдың өткен жылғы отырысында Мемлекет басшысы Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің негізгі ошағы, жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы Ұлысының 800 жылдығын атап өту жөнінде айтып өткен болатын.

Осы ретте Алтын Орданың тарихи және әйгілі тұлғалары туралы көпсериялы деректі фильм түсіру жұмыстары бас-талғанын, фильм белгілі халықаралық платформалар арқылы көрсетілуі қажеттігін айтты. Жалпы, Алтын Орда мемлекеті көп өркениетті, көп мәдениетті, көп шаруашылықты тоғыстырған әмбебап құрылым болды.

Сондықтан географиялық орналасу аумағының кеңдігіне байланысты фильм тек біздің елді ғана емес, алыс-жақын көршілес түркі халықтарын түгел қамтиды.

Осы ретте фильмге жұмыс жасайтын тарихшылар мен этнографтарды тарта отырып, байыппен келу қажет деп пайымдаймын. Екіншіден, біз көрермендерді кеңінен баурап алу үшін фильмнің форматын барынша көркем сюжетті ету және деректі фильм форматынан алшақ болу қажет деп пайымдаймын. Әзірленіп жатқан фильмде ең алдымен осы мәселелер жан-жақты ашып көрсетілу үшін оның жұмысына тарихшылар мен этнографтарды тарту қажет.

– Сіз осыдан біраз жыл бұрын Мысыр елінің Бейбарыс сұлтан туралы 30 сериялы фильмін қазақ тіліне аудару туралы ұсыныс айтқан едіңіз. Осы жөнінде таратып айтсаңыз. Фильмнің мән-маңызы, құндылығы неде, ұсыныс неге қолдау таппады?

– 2023 жылы Бейбарыс сұлтанның туғанына 800 жыл толды. Сол мерейлі жылдың аясында тарихи тұлғаны көпшілікке кеңінен таныту мақсатында депутаттық сауал жолдаған болатынымын. Министрлік арнайы жоспар бекітіп, республикалық және халықаралық деңгейде 600-ге жуық іс-шара өткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың бастауымен Мысырдағы Бейбарыс сұлтан мешітінің ашылу рәсіміне қатыстық.

Сол іс-шаралардың қатарында 30 сериялы фильм шығаруды да ұсынған болатынымыз. Сол баяғы алдын ала қаржылық жоспардың болмауына байланысты ұсыныс қолдау таппады. Алайда, бұл мәселе әлі де өзектілігін жойған жоқ. Сұлтан Бейбарыстың тарихи феномені, күреске толы өмір жолы, түркілік мінезі, жауынгерлік рухы, күллі таяу шығыс, ислам әлемін құтқарған батылдығы тарихта мәңгіге қалды. Жоғарыда айтып кеткенімдей, шебер режиссер болса, міне, осы тарихи тұлға арқылы ұлттың мінезін, жан-дүниесін ашып, талай мұраны ақтаруға әбден болады.

– Бүгінгі таңда ұлттық киноны дамытудың негізгі тетіктері қандай? Басты бағдарлар қандай болуы керек?

– Бұл мәселе жөнінде жоғарыда айттым, ұлттық фильмдерді дамыту үшін қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейту және оны креативті индустрияның бір тармағы ретінде жеке қамқорлықта қолдау керек, оған жеке сектордың кеңінен араласуына мүмкіндік беру аса қажет. Фильм – ұлттың болмысы мен жан-дүниесін, таным-түсінігін түсінудің төте және өтімді жолы. Оның бір айқын дәлелі, соңғы уақытта отандық режиссеріміздің «Бауырына салу» атты туындысы әлемдік танымал кинофестивальдарда топ жарып жатыр.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Роза ҚАРАЕВА.



«Сөз үзелді,
тыңдаушы, сен де түзел»

дегендей, енді отандық режиссураға да
ойланатын, білімді, сананы жетілдіретін,
саннан сапаға ауысатын уақыт жетті.



АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

мәселелері талқыланды

Бостандық ауданының әкімдігі ардагерлер мен зейнеткерлердің әлеуметтік мәселелерін талқылау мақсатында Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижановтың қатысуымен үлкен жиын өткізді. Аталмыш кездесуде ардагерлерге әлеуметтік қолдау көрсету мен зейнеткерлердің мәселелері жан-жақты талқыланды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Кездесуге Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы мен Бостандық ауданы әкімдігінің өкілдері, сондай-ақ ардагерлердің белсенді топтары мен «Әжелер алқасы» қоғамдық ұйымының мүшелері қатысты.

Кездесу барысында талқыланған негізгі мәселенің бірі – зейнеткерлерді мемлекет тарапынан қолдау тұрғысында болды. Жиынға қатысушылар ардагерлер мен зейнеткерлердің қоғамда алатын орны мен олардың әлеуметтік жағдайларын жақсартудың жолдарын қарастырып, осы тұрғыдағы ойларымен бөлісті. Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов өз сөзінде зейнеткерлерге мемлекеттік қолдау көрсету және олардың зейнетақы көлемін арттыру мәселелеріне тоқталды.

Сондай-ақ, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының қызметкерлері ардагерлер мен зейнеткерлерге арналған арнайы бағдарламалар мен медициналық көмек түрлерін таныстырды. Орталық зейнеткерлерге тек медициналық қызметтер ғана емес, сондай-ақ психологиялық көмек, мәдени іс-шаралар мен білім беру бағдарламаларын да ұсынатынына маңыз берілді.

Әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру, сондай-ақ зейнеткерлердің өмір сүру деңгейін жақсарту үшін қосымша шаралар қабылдау қажеттігі айтылды.

Алдағы уақытта кездесуде көтерілген мәселелердің шешімі бойынша нақты жұмыстар жалғасын табатын болады. Жалпы, мұндай кездесулер ардагерлердің тұрмыс сапасын жақсартуға және олардың қоғамдағы рөлін нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз.

СЕРІКТЕСТІК

Air Astana әуе компаниясы мен «Қазаэронавигация» республикалық мемлекеттік кәсіпорны арасында өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Құжат екі саланың мамандары – ұшқыштар мен әуе қозғалысын басқаратын диспетчерлер арасындағы кәсібилікті арттыруға бағытталған.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Келісім аясында диспетчерлер ұшақ кабинасында бақылаушы ретінде ұшу мүмкіндігіне ие болады және авиатренажерлерде тәжірибеден өтеді.

Сонымен қатар, Air Astana ұшқыштары «Қазаэронавигация» орталықтарына барып, әуе қозғалысын басқару жұмысымен таныса алады. Бұл іс-шаралар екі тарап бір-бірінің қызметін тереңірек түсінуге, үйлесімділікті арттыруға және авиациялық қауіпсіздік пен ұшу тиімділігін жетілдіруге мүмкіндік береді. Құжатқа «Қазаэронавигация» РМК бас директорының бірінші орынбасары Фаат Богдашкин және Air Astana әуе компаниясының өндіріс жөніндегі атқарушы директоры Филиппос Сиаккас қол қойды. Іс-шара барысында тараптар БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап беріп, болашақтағы бірлескен бағдарламалар мен жоспарларын бөлісті.

Сондай-ақ, спикер тәжірибе алмасу бағдарламасында экипаж жұмысын үйренуге арналған дәрістер де барын айтты. Диспетчерлер үшін өндірістік тәжірибе де қарастырылған. Сол сияқты, ұшқыштар да диспетчер жұмысымен танысады. Командир мен диспетчер ұшу кезінде бір-бірімен қалай байланыс орнатады, қандай мәселелер туындайды – осының барлығын меңгереді.

ҰШҚЫШТАР МЕН ДИСПЕТЧЕРЛЕР

тәжірибе алмасады



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фаат БОГДАШКИН,
«Қазаэронавигация» РМК бас директорының бірінші орынбасары:

ӘУЕ ҚАУІПСІЗДІГІ: ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ОРТАҚ

Бүгінгі қолға алынған бастама – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған. Әуе қозғалысын басқаратын диспетчер мен әуе кемесін басқаратын экипаж бір-бірінің жұмысын жетік білуі қажет. Бұл келісімнің негізгі мәні осында. Осы мақсатта экипаж қатарында біздің диспетчеріміз де болмақ. Ол ұшақтағы командир мен екінші ұшқыштың жұмысымен танысады, қандай функцияларды орындайтынын, кабинадағы жұмыстарды көреді. Өйткені, диспетчер мен экипаж арасындағы байланыс үнемі үздіксіз жүреді: әуе кемесі тұрақта тұрған сәттен бастап, қозғалып, ұшып, қайта қонғанға дейінгі аралықты қамтиды.

Филиппос СИАККАС,
Air Astana әуе компаниясының өндіріс жөніндегі атқарушы директоры:

МАҚСАТ – ӨЗАРА ӘРІПТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУ

Әуе қозғалысының қауіпсіздігі диспетчер мен экипаждың өзара түсінісуі мен бірлесе жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Диспетчерлерге әуе кемесінің кабинасында отырып, ұшқыштармен бірге ұшу және авиатренажерде тәжірибеден өту мүмкіндігі берілді. Олар ұшқыштардың жұмысымен танысып, әуе кемесін басқаруды түсінеді. Ұшқыштар да диспетчерлік орталықтарға барып, әуе қозғалысын басқару барысымен таныса алады. Бұл – екі тараптың шешім қабылдау тәсілін және бір-біріне қалай әсер ететінін жақсырақ түсінуге жол ашады. Мақсат – ұшу қауіпсіздігін арттыру және екі құрылым арасындағы өзара әріптестікті нығайту.

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

«Қарызсыз қоғам» жобасы:

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Дәріс онлайн және офлайн форматта өткізіледі

«Amanat» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында «Алматы Тазалық» ШЖҚ МКК қызметкерлеріне арналған оқыту семинары өтті.

Іс-шара барысында қатысушылар қаржыны тиімді басқару, алаяқтық схемалардан қорғану, 90 күннен астам мерзімі өткен қарыздарды өтеу және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша кеңестер алды.

Мекеме қызметкерлеріне қаржылық сауаттылық бойынша тәжірибелі кеңесші, «Қарызсыз қоғам» жобасының Алматы қаласы бойынша менторы Сая Сағынғали дәріс оқыды. Офлайн форматта өткен интерактивті семинарда қатысушылар сұрақ қойып, қаржы маманынан жеке кеңес алу мүмкіндігіне ие болды.

«Қарызсыз қоғам» жобасы – қаржылық қиындыққа тап болған қазақстандықтарды қолдауға арналған бастама. Жоба азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыруды көздейді. Сондай-ақ, жеке қаржыны тиімді басқару дағдыларын дамытуға бағытталған.

Қаржыгер халық тарапынан жиі қойылатын сұрақтарды атады. Көбі несиелік келісім-шартын оқымайды, микроқаржы ұйымы мен банк арасындағы айырмашылықты білмейді. Микроқаржы ұйымынан қарыз алып, кейін оның пайыздық мөлшерлемесінің тым жоғары екенін аңғармай қалады. Мысалы, банктегі несиенің айналым мерзімі 30 күн болса, микро-



қаржы ұйымында ол 21 күн. Осы 21 күннің ішінде негізгі қарызды немесе оның үстіндегі пайызын төлеу керек. Мысалы, 100 мың теңге алса, ай са-

йын 25 мың теңгеден төлеп отыруға тиіс болады. Бұл жайында көп адам білмейді.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сая САҒЫНҒАЛИ, «Қарызсыз қоғам» жобасының Алматы қаласы бойынша қаржы сарапшысы:

КӨБІ ҚАРЫЗ ШАРТЫН ОҚЫМАЙДЫ

Біз бұл жобамен үш жылдан бері айналысып келеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен бекітілген мемлекеттік деңгейдегі бастама аясында алғашқы екі жылда халықты жаппай қаржылық сауаттылыққа оқыттық. Ал биылдан бастап тек қарызы 90 күннен асып кеткен, несиесін төлей алмай жүрген азаматтармен жұмыс жүргізіп жатырмыз. Қаржылық сауаттылықты үйретіп қана қоймай, нақты көмек те көрсетеміз. Мысалы, есепшоттарға қойылған аресті алып тастау, төлем графигін жасау, банкроттыққа өтінім беру, соттан тыс және сот арқылы төлем қабілеттігін қалпына келтіру сияқты қызмет түрлерін ұсынамыз. Барлық жұмыс заңгерлермен бірлесе отырып, тегін жүргізіледі. Бүгін біз Алматы тазалық ұйымының басшылығының ұсынысымен келіп отырмыз. Ұйымның алты бөлімшесінде осындай ақпараттық жұмыстар өткізіледі. Себебі, бұл жерде де қарызын төлей алмай, есепшоттарына арест қойылған, айлығын ала алмай жүрген адамдар өте көп.

ҚАУІПСІЗДІК

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС –

қауіп-қатердің алдын алудың маңызды буыны

Алматыда кезекті ауқымды сейсмикалық оқу-жаттығулар өтті. Қала бойынша ұйымдастырылған бұл іс-шараның мақсаты – тұрғындарды және жұмысшыларды төтенше жағдайларда, атап айтқанда, жер сілкінісі кезінде дұрыс әрекет етуге үйрету, сонымен қатар тиісті мекемелердің дайындығын тексеру. Осыған орай, «Алматыэлектротранс» троллейбус паркі аумағында арнайы оқу-жаттығу өткізілді.

Ернұр
РЫСБАЙ

Аталған іс-шараға «Алматыэлектротранс» ЖШС-нің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бойынша бас маманы Мақсат Бекмурзин жетекшілік етті. Оның айтуынша, жаттығу сәтті жүзеге асты және қызметкерлер төтенше жағдай кезінде не істеу керектігін нақты әрі жүйелі түрде көрсетті. Жаттығу барысында әр бөлім өзіне жүктелген міндеттерді нақты орындады. Компания ішіндегі өрт сөндіру тобы өрт сөндіру құралдарын жайып, сақадай сай тұрды.

Сондай-ақ, компанияның ішкі медбикесі алғашқы көмек көрсетуге даяр екенін көрсетті. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету тобы нысанның периметрін бақылауға алып, бөгде адамдардың кіруіне жол бермеді.

Ал байланыс тобы – диспетчерлер, жоғары тұрған басшылық пен мемлекеттік құтқару қызметтерін жедел хабардар етіп, байланыс арнасын үздіксіз қамтамасыз етті. Азаматтық қорғаныс – қауіп-қатердің алдын алудың маңызды буыны.

Алматы қаласы сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқанын ескерсек, мұндай жаттығулардың жиі әрі сапалы өтуі қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін ауадай қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатыны анық.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

«Brain drain» феномені – шетелге кеткен білікті мамандардың елге қайтпауы, яғни «ақыл-ойдың сыртқа ағылуы». Бұл, әрине, кез келген елдің интеллектуалдық және кадрлық әлеуетінің төмендеуіне, экономика мен ғылымның баяулауына әкеліп соқтыратын алаңдатарлық мәселе.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Соңғы жылдары біздің қоғамда шетелде жұмыс істеуге қызығушылық артып келеді. Бұл – біріншіден, жаһандану үдерісінің нәтижесі десек, екінші жағынан,



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ШЕТЕЛГЕ ҰМТЫЛУ:

мүмкіндік пе, әлде мәжбүрлік пе?

ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың да көрінісі болса керек. Біреулер өмірін өзгертуді жоспарласа, екінші бір адам шетел асып, маусымдық жұмыстарға барып, мол қаржы жинап, елге оралуды армандайды. Қалай болғанда да, шетелге кету – жай ғана саяхат емес, өте күрделі шешім. Себептер әртүрлі: ел тану мен жер тану саяхаты, жоғары жалақыға, кәсіби өсуге, жайлы өмір сүруге ұмтылыс. Бірақ қай-қай жолдың да оңай еместігін шетелге барған соң кеш ұғынып, өкінетіндер аз емес.

Қазір әлеуметтік желілерде шетелге маусымдық жұмысқа шақыратын жарнамалардан көз сүрінеді: «Англияда жұмыс, мол табыс! Құлпынай жинау – жеңіл әрі тиімді!» немесе «Кореяда маусымдық жұмыс, жақсы табыс» деген сияқты әсіресе жастарды желіктіретін түрлі ұран-сөздер көп. Бұрын тек арман болып көрінетін көптеген шетелдерге бүгінде жол ашық: визалық талаптар жеңілдеген, көлік қатынасы қолжетімді, ал маусымдық жұмыстардың саны күн санап артуда. Әсіресе, құлпынай мен басқа да ауылшаруашылық өнімдерін жинау бойынша маусымдық

жұмысқа ұсыныстар жиі кездеседі. Виза мен жолақыға қаржыңыз болса, қағаз жүзінде бәрі оңай көрінеді: тіркелдің, бардың, жұмысқа кірістің. Алайда, жарнамадағы әдемі сөздердің тасасында шынайы өмірдің өз заңы бар. Англиядағы маусымдық жұмыс – бұл жай ғана серуен емес. Ерте тұру, ауа райына қарамай жұмыс істеу, қатаң еңбек тәртібі мен ережелерге бағыну – бәрі де осы сапардың ажырамас бөлігі. Бірнеше апта бойы күнделікті физикалық еңбек пен үлкен жауапкершілік талап етіледі.

Ал шетел асып кетуге ұмтылатын жас мамандарға келсек, олар әсіресе, IT, медицина, құрылыс және қызмет көрсету салаларында көп. Іскер де білікті, мамандар шетелге барып, жоғары жалақылы жұмысқа орналасып, білімін табыс көзіне айналдыруды өздері үшін тиімді деп есептейді. Алайда, шетелде оңтайлы жұмыс іздеп табу да жұмыс істеу де оңай емес. Бәсекелестік өте жоғары, жұмыс берушілер сапа мен біліктілікті, кәсіби тәжірибені талап ететіні белгілі. Екіншіден, әлеуметтік оқшаулану – кез келген еңбек мигранты үшін де, білікті маман үшін де үлкен сынақ.

Отбасынан, туған жерден алыс жүргендер көбіне жалғыздықты бастан кешіреді. Оның үстіне құрылыс пен ауыл шаруашылығындағы жұмыстарға физикалық күш-қуат пен денсаулық та, жеке бас қауіпсіздігіне кепілдік те маңызды. Сондықтан шетелге ұмтылған жастар бөтен елде, елден жырақта бейресми жұмыс істеудің қауіпті көлеңкелі жақтары мен тәуекелдері де бар екенін де ескергені жөн. Адам құқықтарының жиі бұзылуы, денсаулығының кенеттен сыр беруі, заңсыз жұмыс істейтін алаяқтарға алданып қалуы, төлқұжаттарынан айырылып қалу, Отанына, отбасына деген сағыныш – жайлы өмір мен жоғары жалақы үшін шетелге ұмтылған адамдар жиі бастан кешетін жағдаяттар.

Мәселен, екі жыл бұрын Англияға жұмыс бабымен кеткен қазақстандықтардың бірі Меруерт Нурахметова алғашқыда еш өкінбей таңдау жасағанын айтады: «Шетелге көшу – мен үшін ұзақ ойланған, әрі батыл қабылданған шешім болды. Басында, әрине, оңай болған жоқ. Тілді, мәдениетті, менталитетті түсіну біраз уақытты талап етті. Қазір үйренісіп кетсем

Бауыржан ЫСҚАҚ,
экономист:НАҚТЫ ӘРІ ТИІМДІ ІС-ШАРАЛАР
ҚАБЫЛДАНУЫ ТИІС

Мамандардың шетелдерге барып, тәжірибе алмасуы, елге оралып, жинаған тәжірибесімен бөлісуі – елдің дамуына оң әсерін тигізіп, экономикалық, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға ықпал ететіні анық. Сонымен қатар, шетелде жұмыс істейтін мамандар мен кәсіпкерлер инвестиция тарту ісінде дәнекер бола алады. Бұл олардың шетелдегі кәсіпкерлік бастамаларын Қазақстанмен байланыстыра отырып, экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жол ашады. Ал мамандардың шетелге кетуі ел экономикасы үшін үлкен тәуекел болып қала береді. Сондықтан мемлекет тарапынан бұл мәселеге ерекше назар аударылып, шетелде жүрген азаматтармен тұрақты байланыс орнату маңызды.

Олардың елге оралуына немесе Отанымен ынтымақтастықта болуына жағдай жасап, ынталандыру тетіктерін қарастыру қажет. Озық тәжірибе, кәсіби білім мен жаңа көзқарас ел игілігіне айналуы үшін мамандардың Отанына оралуына нақты жағдай жасалуы қажет. Әділетті жалақы, кәсіби орта мен қолдау болған жағдайда, қазақстандық мамандар өз елін таңдайды. Сонымен қатар, білікті мамандарға кәсіби дамуға мүмкіндік беретін нақты әрі тиімді шаралар қабылдануы тиіс. Бұл – елдің болашағы мен тұрақты дамуы үшін стратегиялық маңызды қадам.

де, еңбегім жақсы бағаланып, алатын жалақыма көңілім толса да, жайлы әрі жеңіл өмір сүремін деп айта алмаймын. Шет жерде күнкөрістің өз қиындығы бар. Кейде отбасыма, туған жеріме деген сағыныш жаңымды жегідей жейді. Бірақ алдыма қойған мақсатым бар – қаржы жинап, белгілі бір нәтижеге жеткен соң, елге оралғым келеді», – дейді кейіпкеріміз.

МАМАН КЕҢЕСІ

ЖҮРЕКТІ ҚОРҒАҢЫЗ

Энергетик сусындардың зардабын білесіз бе?

Энергетикалық сусындар адамды лезде сергітетіні рас. Алайда, оның ағзаға, соның ішінде жұдырықтай жүрекке келтіретін орасан зардабын білесіз бе? Бұған жауапты Алматы қалалық Кардиология орталығының кардиохирургі Ақнұр Арыстанова береді.

Нұржамал
ӘЛІШ

Көптеген энергетиктің басты компоненті – кофеин. Ол таурин, гуарана және қантпен біріге отырып, жүйке мен жүрек-қантамыр жүйесін ынталандырып, ағзаны жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Соның салдарынан қан қысымы жоғарылап, жүрек соғысы жиілейді, тамырларға артық жүктеме түседі.

Мұндай сусынды үнемі ішу гипертонияға, ылғи шаршап жүретін халге, тіпті ауыр жүрек ауруларына жеткізуі мүмкін.

Энергетиктер, әсіресе, жүрек-қантамыр ауруларына бейім



жандар үшін аса қауіпті. Кофеиннің жоғары мөлшері аритмия туындатуы мүмкін, ал қанның қоюлануы тромбоз қаупін арттырады. Бұл инфарктке не insultке әкелуі ықтимал.

Гипертониясы және жүрек ауруы бар адамдарға энергетикалық сусыннан мүлдем бас тартуға кеңес береміз. Себебі, кофеиннің жоғары мөлшері олардың жағдайын ушықтыруы мүмкін. Сондай-ақ, бұл сусын-

дар мазасыздықтан зардап шегетіндер үшін де қауіпті, өйткені мазасыздықты күшейтіп, дүрбелең ұстамаларын туындатуы мүмкін. Жасөспірімдер мен жастар да қауіп тобына жатады. Өйткені, олардың жүрек-қантамыр жүйесі әлі толық қалыптаспаған, сондықтан мұндай шамадан тыс жүктемеге аса сезімтал келеді.

Ағзаны кофеин мен қант арқылы жасанды ынталандырудың орнына, сергектікті табиғи жолмен арттырған дұрыс. Мәселен, жәй ғана душқа түсудің өзі адамды сергітіп, қан айналымын жақсартыды.

Далада серуендеу – қанды оттегімен қанықтырып, энергия деңгейін табиғи жолмен көтерудің бір тәсілі.

Уақытылы ұйқы – ағзаны қалпына келтірудің ең тиімді жолы. Сонымен қатар, лимон немесе жалбыз қосылған шай жүрекке зиян келтірмей, жеңіл қуат береді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КАРДИОМИОПАТИЯ – АУЫР ДЕРТ

Жақында Алматы қалалық Кардиология орталығының дәрігерлері қатты енгізіп, тынысы нашарлаған, адымын аша алмай қалған 31 жастағы пойыз жолсерігін жедел түрде қабылдады. Оның жүрегі қалыптан тыс ырғақпен соққан. Тексеру барысында науқастан кеңейген кардиомиопатия – жүрек бұлшықетінің созылып, қанды толықтай айдай алмауымен сипатталатын ауыр дерт анықталды. Белгілі болғандай, ер адам күн сайын ойланбастан бес-алты құты энергетикалық сусын ішкен екен. Кофеин мен стимуляторлардың шамадан тыс мөлшерде, ұзақ уақыт бойы ағзаға әсер етуі жүрек бұлшықетінің әлсіреуіне себеп болған. Дәрігерлер шұғыл ем жүргізіп, науқастың жағдайын тұрақтандырды. Алайда, кеңейген кардиомиопатия – кейін де өршуі мүмкін, ауыр жағдайда жүрек трансплантациясын қажет ететін созылмалы ауру.



Естеріңізде болса, таяуда Алматыда энергетикалық сусынды күндіз-түні іше беретін тұрғынның жүрегі мүлдем істен шығып, оған донор-жүрек салынған. Ойланайық, зиянды сусынға тәуелді болып қалудан сақтанайық. Ағзамыздың ең негізгі генераторы – жүректі ауыртпайық.



ЕҢБЕК АДАМЫ

«КӨШЕ ЖУАТЫН КӨЛІККЕ ЖОЛ БЕР!»

Жол жиегінде келе жатып қарсы алдыңыздан көше жуатын көлікке кездесіп қалған сәтіңіз есіңізде ме? Үстіңізге су тигізбес үшін жол шетіне қашып әбігер болған кезіңіз де бар шығар... Арнайы техника өткеннен кейін тазарған көше бойына қарап көңіліңіз де серпіле түсетіні бар ғой. Ал сол көлікті тізгіндеп, қала тазалығын көзінің қарашығындай сақтап жүрген жандар кімдер? Биыл елімізде «Жұмысшы мамандықтары жылы» жарияланғаны белгілі. Сондықтан біз оқырмандарға қарапайым жұмысшы мамандығындағы тағы бір кейіпкерімізді таныстыруды жөн көрдік. «Алматы Тазалық» мекемесінде 14 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Сәбит Көбесовпен жолығып, оның күнделікті жұмысы, қызықты сәттері мен қалаға деген сүйіспеншілігі жайлы әңгімелестік.

– Сәбит аға, ең әуелі өзіңіз туралы айтып өтсеңіз...

– Қазіргі Жетісу облысындағы Сарыөзек жерінде туып-өстім. Алматыға 1998 жылы отбасымызбен көшіп келдік. Алғашқы жылдары түрлі жұмыстар істедім. 2011 жылы «Алматы Тазалыққа» жұмысқа орналастым. Содан бері осы саладамын. Биыл 14 жыл болады.

– Таза көше – сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесі. Жұмысыңыздың бір күні қалай өтеді?

– Біз таңғы 6-да жұмысқа келеміз. Алдымен күнделікті медициналық тексеруден өтеміз. Одан кейін путёвка аламыз, механиктің бақылауынан өтеміз. Содан соң жарнамай құйып алып, су алуға барамыз, шамамен 10³ (куб) сумен жолға шығамыз. Бұл көлем 2–3 көшені жууға жетеді. Егер көше ұзын немесе кептеліс көп болса, кейде бірекі көшемен ғана шектелеміз.

– 10³ су деген аз емес екен... Күніне қанша рейс жасайсыз? Қай ауданға жауаптысыз?

– Мен Медеу ауданында жұмыс істеймін. Әр көлікке нақты көшелер бекітіледі, сол бойынша жүреміз. Күніне орта есеппен 4-5 рет рейс су тасимыз. Бұл шамамен 40–50 текше метр су деген сөз. Кешке жұмыс аяқталған соң, көлікті жуып, гаражға қоямыз.

– Жұмыс барысында талай қызықты жайттарға куә болған шығарсыз...

– Ой, көп қой! Әсіресе, жазда. Кейбіреулер су тигеніне мәз болп, басын шайқап күліп тұрады. Балалар қуанады, салқындайды.



Бірақ көлігімен енді ғана «мойкадан» шыққан жүргізушілер ренжіп, «ана жерден өтсең болмай ма?» деп реніш білдіріп жатады. Қыз-келіншектер үсті су болса, өкпелеген кейіп танытады. Қыста жол тазалап келе жатсақ, кейбір жүргізушілер ерегісіп, жол бермей, «мен үлгерем» деп алдыңнан қиып өте шығады. Сондайда жүйке керек. Ашуланып отырсаң, бұл жұмысты істей алмайсың.

– Көшелер негізінен қай уақытта жуылады? Тұрғындар қаланың таза, шаңсыз, тап-таза болғанын сезетін шығар...

– Әрине. Көшелер таңғы 8-9 шамасында көше жуылып бітеді. Сол кезде қала тап-таза болып тұрады. Ауа да таза, тыныс ашылады. Бұл – біздің жұмысымыздың нәтижесі. Көктемде көшелерді жуып, жазға дайындаймыз. Қаланың тазалығы үшін қызмет етіп жүргенімізге іштей қуанып жүреміз.



– Көшеде арнайы техникалардың жұмысына кедергі көп бола ма?

– Иә, ондай жағдайлар кейде кездесіп жатады. Бірақ бәрі түсіністікке байланысты. Су шашып келе жатқан арнайы көлікті көрсе, жүргізушілер жол бере салса – бәріміз үшін жақсы. Киім суланса, ол кебеді, ал көше жуылмаса – шаң жұтып, денсаулыққа зиян келеді. Бұл – маңызды еңбек. Көше тазалығы – бәрімізге ортақ іс. Біздің көлік – жай ғана техника емес, қаланы таза ұстауға арналған құрал. Сондықтан көшеде жүргізушілер сәл сабыр танытып, жол беріп жатса – біз үшін бұл үлкен құрмет.

– Сіз үшін ең маңыздысы не? Көлік тізгіндеп келе жатқанда ойыңызға не келеді?

– Ең бастысы – адал еңбек. Осы жылдар ішінде отбасымды асырадым, балаларымды өсірдім, енді немерелерім бар. Алла қаласа, келер жылы зейнетке шығамын. Осы қарапайым еңбектің арқасында ел қатарлы өмір сүріп келемін. Көп адам таңертең тап-таза көшені көргенде оның артында қаншама адамның бейнеті жатқанын біле бермейді. Бірақ сол тазалықтың арқасында ауа тазарады, тыныс жеңілдейді. Бұл – біз үшін үлкен мақтанаш.

Иә, көлікпен жұмыс істеп жүріп, кейде

ойға шомып кететін сәттерім болады. Қалаға қарап отырып: «Мына жерде қаншама тағдыр, қаншама арман жүр. Біз де солардың бір бөлшегіміз, осы қаланың тазалығы үшін еңбек етіп жүрміз» деп ойлаймын. Ең бастысы – қала тап-таза болып тұрса, тұрғындар риза болса, біз үшін соның өзі зор қуаныш.

Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

P.S. Көшеде зу етіп өте шыққан су шашатын көлікті көргенде, жай ғана техника емес, оның артында тұрған адал еңбек пен жылдар бойғы төзімді елестетіңіз. Сәбит Көбесов секілді қарапайым еңбек адамдары – қаланың тыныс-тіршілігін көзге көрінбей қамтамасыз етіп жүрген үнсіз қаһармандар. Ендеше, жолда келе жатқанда су шашқан көлікке жол беріңіз – қаламыз тап-таза болсын...

КЕЗДЕСУ

Алматыдағы Орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты №4 кітапхана-бөлімшесінде Жұмысшы мамандықтары жылы аясында «Еңбектен бақыт тапқан ғазиз ғұмыр» атты кездесу кеші өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Кездесуге Алматы қаласының дамуы жолында еңбек етіп келе жатқан нағыз өз саласының мамандары шақырылды. Олардың қатарында еңбек ардагері, «Алматы ауыр машина жасау зауыты» АҚ бас инженері Есім Жаныспаев, «Алматы метрополитенінің» қызметкері Ержан Есімов, «Дарын» сыйлығының иегері, Суретшілер одағының мүшесі, қолөнер шебері Гүлназым Өмірзақ және «Алматы жылу жүйесі» ЖШС қызметкері Манатбек Рахымбайұлы болды.

Аталмыш кітапхана қала жұртшылығының жиі бас қосатын орны. Ұжым өз оқырмандарының басын қосып, түрлі іс-шаралар, танымдық кештер өткізіп отырады. Бұл жолғы кездесу кітапханалық журфикс форматында өтті. Аталмыш іс-шараға Алмалы ауданы Ардагерлер кеңесінің мүшелері мен мектеп оқушылары шақырылды. Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты өз Жолдауында еңбекқор адамның қадір-қасиеті жоғары екенін және оларды бағалау керек екеніне, еңбекқор жандардың арқасында мемлекетіміздің дамып жатқанына маңыз беріп,



былай деген еді: «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына

құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қырсырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана

емес, өзге елдерде бәсекеге қабілетті болуы керек. Көрші мемлекеттің азаматтары шетелге барып, жұмыс талғамай еңбек етіп жатыр. Олар біздің елде де өте жақсы табыс тауып жүр. Дәл осындай жандардан үлгі алу керек. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Біз мұны жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз. Идеология жұмысында осыған баса мән берген жөн». Ел Президентінің бұл тұжырымы қоғамдағы еңбек адамына берілген жоғары баға болса керек.

Кездесуге келген еңбек адамдары өз тәжірибелерімен бөлісіп, жастарды адал еңбек етуге шақырды. Іс-шараны ұйымдастырушылар осындай кездесулер өткізу арқылы еңбек адамының беделін көтеруді көздеп отырғанын айтады. Мақсат – жас ұрпақтың бойына адал еңбек жасай білу дағдыларын қалыптастыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыру.

Іс-шарада еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпараттар беру туралы игі істер де жүзеге асты. Әдемі әнмен әдіптелген кештің айтары да, үйретері де мол болды.



БІРЛІК – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ!

Алматы мерекелік думанға бөленді

Мамыражай мамыр айының алғашқы күні шаһарда Қазақстан халқының бірлігі мейрамы кең көлемде аталып өтті. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орайластырылған мереке қаланың барлық ауданында жоғары деңгейде тойланды. Татулық пен ынтымақты, қоғамның біртұтастығын дәріптеген мерекелік іс-шаралар тұрғындарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Мейрамға түрлі этностардың өкілдері қатысып, ұлттық мәдениет пен өнер, достық пен өзара құрметтің шынайы үлгісін көрсетті. Жалпы, мерекелік бағдарлама «Бірлігі жарасқан Алматы» деген атаумен өтті. Газетімізде татулықтың тартымды көрінісіндей болған сол мерекелік іс-шаралардан арнайы топтама ұсынып отырмыз.

✓ Абай алаңы

МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСҚАН КЕҢІСТІК

Алматының Абай атындағы алаңында өткен басты мерекелік іс-шараға мыңдаған қала тұрғындары мен қонақтары жиналды. Салтанатты іс-шараға шаһар басшысы Ерболат Досаев қатысты. Этномәдени орталықтар көрмесі, ұлттық киімдер мен аспаптар, ән-биге толы сахналық бағдарлама көпшілік көңілінен шықты. Башқұрттың «Айола» тобы мен қазақстандық эстрада жұлдыздары Роза Рымбаеваның, L Duo дуэтінің, «Дервиши» және Madein KZ топтарының өнерлері жұртшылықты ерекше ықыласқа бөледі. Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихына арналған «Халықтар бірлігі назарда» атты фотокөрмесі – елді ерекше қызықтырған нысан, Мемлекеттік архив ұсынған тарихи экспозиция да көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

✓ Алатау ауданы

ТАТУЛЫҚ — ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТҰҒЫРЫ

«Менің елім – менің тілім» және «Ұлттық мұра» партиялық жобалары аясында өткен «Білім-150» іс-шарасында достық пен бірлік құндылықтары ұлықталды. Елімізде тату-тәтті өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері, ұлттық асханасы, ән-билері ұсынылып, сан ұлттар тұратын Қазақстанның рухани байлығы паш етілді. Өзге ұлт өкілдері қазақ халқының қонақжайлығына, дәстүріне, мәдениетіне деген зор құрметтерін көрсетті. Қазақтың киіз үйі, ұлттық киімдер мен тағамдар, домбыра үні мерекеге ерекше шырай берді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



✓ Алмалы ауданы

ТАНЫМАЛ ӘНШІЛЕР ӨНЕР КӨРСЕТТІ

М.Ганди атындағы саябақта өткен іс-шарада ұлттық тағамдар жәрмеңкесі, қолөнер көрмесі, балалар алаңдары ұйымдастырылды. Мерекелік концертте Рано Умарова мен Парвиз Назаров сынды танымал әншілер өнер көрсетті. Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Жібек Батырбекқызы әр ұлттың өнерін паш етуге мүмкіндік берілгенін атап өтті. Қала тұрғыны Бауыржан Шәкенұлы мен «Радуга» тобының мүшесі Аида Нигай бірлік күнінің терең мағынасына тоқталды.

✓ Әуезов ауданы

«ЫНТЫМАҚ» МЕРЕКЕСІ

Алматыдағы «Демеу» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында «Ынтымағы жарасқан көпұлтты Қазақстан» атты мерекелік қойылым ұйымдастырылды. Қызмет алушылар мен қонақтар әртүрлі ұлттардың әні мен биін орындап, мерекенің мазмұнын байыта түсті. Балалар өзбек биін билеп, орыс әнін шырқап, көрерменнің ықыласына бөленді. «Айналайын» шоу-балет жетекшісі Нұржігіт Құлбараков ерекше балалармен жұмыста сенім мен қолдау маңызды екенін айтып, олардың бейімделуіне шығармашылық арқылы көмектесетін өзіндік тәсілдерімен бөлісті.

✓ Бостандық ауданы

ӘСЕМ ӘН МЕН ҰЛТТЫҚ РУХ

Аудандағы салтанатты кеш түрлі ұлт өнерпаздарының қатысуымен өтті. Концерт сахнасында Сая Махамбет, Тахмина Әшімбекова, «Парасат» этно-фольклор ансамблі және басқа да өнер иелері жұртшылықты тәнті етті. Аудан әкімі Санжар Алин ел бірлігінің маңызын атап, көпұлтты мемлекетіміздің басты құндылығы – татулық пен тұрақтылық екенін айтты.

✓ Жетісу ауданы

ҰЗЫН ЛАҒМАН РЕКОРДЫ – ҰЗІЛМЕС ДОСТЫҚ СИМВОЛЫ

«Айнабұлақ» шағынауданындағы №179 спорттық кешенде дайындалған ұзындығы 1704 метрлік лағман Қазақстан рекордтар кітабына енді. Бұл іс-шараға түрлі ұлт өкілдері қатысып, бірлік пен ынтымақты тағам арқылы паш етті. Этномәдени орталық жетекшісі Рахима Омарова мен кәсіпкер Зухра Измасова бұл бастаманың символдық маңызын атап өтті.

✓ Медеу ауданы

«БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ ТІРЛІК БАР»

Алматы қаласы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының Медеу аудандық бөлімшесінде Қазақстан халқының бірлігі күні құрметіне «Бірлік бар жерде тірлік бар» тақырыбы шеңберінде мерекелік концерт өтті.

Орталықта жиырмадан астам этнос өкілдері бар. Зейнеткерлер мәдени іс-шараға әдемі сахналық киімдерін киіп, жасанып, көтеріңкі көңіл күйде келіпті. Олар соғыс жылдарындағы патриоттық әндерді, достық, бірлік туралы туындыларды шырқады. «Киев вальсі», «Шайхана», «Грузин әні», «Бозжорға», «Алматы түні» сынды түрлі жанрдағы әндер де

көпшіліктің ықыласына бөленді. Мерекеде қолөнерден шеберлік сабағы да сәтті өтті. Кешті зейнеткерлерден құралған «Сандуғаш» тобы «Бейбітшілік сақталады» әнімен түйіндеді.

✓ Наурызбай ауданы

«ДОСТЫҒЫМЫЗ — МӘҢГІЛІК»

Қазақстан халқы бірлігі күніне орай №174 мектеп-гимназияда өткен «Достығымыз – мәңгілік» атты мерекелік флеш-мобқа 500-ге жуық оқушы қатысты. Түрлі ұлттардың ұлттық киімдерін киген балалар достық пен ынтымақты бейнелейтін көркем би қойылымдарын сахналады. Іс-шара жас ұрпақтың бойында бейбіт өмір мен ұлттар арасындағы сыйластықты қалыптастыруды мақсат етті. Аудандық білім бөлімінің басшысы Салтанат Амангелдіқызы мұндай іс-шаралар балалардың бойында толеранттылық пен өзара құрметті тәрбиелеуде маңызды екенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының президенті Қайрат Әбдірахман іс-шараның тәрбиелік мәніне ерекше тоқталды.

✓ Түркісіб ауданы

«БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА»

№6 Оқушылар үйінің өнерпаздары Қазақстан халқы бірлігі күніне орай «Бір шаңырақ астында» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырды. Қазақ, орыс, тәжік, ұйғыр, неміс және басқа ұлт өкілдері өз өнерлері арқылы достық пен ынтымақты насихаттады. «Сенім» студиясы қазақ әндерін заманауи стильде орындаса, «Еркеназ» ансамблі ұлттық билерді көрсетті. «Рухсан» тобы ұйғыр мен тәжік мәдениетін, ал «Кәусар» тобы неміс фольклорын ұсынды. Оқушылар үйінің басшысы Зейнеп Әнуарқызының айтуынша, бұл іс-шара – ел бірлігін, тұрақтылығын және мәдениеттердің үйлесімділігін көрсететін маңызды бастама.

✓ Ассамблея – 30

«БІРЛІК ЖҮГІРІСІ» МАРАФОНЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен Бірлік күніне орай Алматыдағы Тұңғыш Президент саябағында «Бірлік жүгірісі» марафоны өтті. Іс-шараға 300-ден аса адам қатысты. Қатысушылар 4 шақырымдық қашықтықты жүгіріп өтіп, салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, ел бірлігі мен татулықтың маңызын ұлықтады. Қалалық спорт басқармасы бұл марафонның қоғамдағы ынтымақ пен достықты нығайтудағы рөлін атап өтті.



(Сурет ашық дерекөздерден).

ОҚЫРМАНМЕН ЖҮЗДЕСУ

ТАҒДЫРЛЫ БАЛА

рөлін сомдаған жас актер Нұртілек Жарылқасын
«Болмаған балалық шақ» кинокартинасы туралы сыр бөліседі

Алматыдағы А.П.Чехов атындағы қалалық Орталық кітапхананың жас оқырмандары «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» кітабын талқылау үшін «дөңгелек үстел» басына жиналды.

Әдеби-рухани іс-шараға жақында ғана үлкен экранға шыққан «Болмаған балалық шақ» фильмінің бас кейіпкерлерінің бірін ойнаған жас актер Нұртілек Жарылқасын арнайы қонақ болып келді. Сөйтіп, жасөспірімдер кітаптан киноға айналған шығарманы картина кейіпкерімен бірге талқылады. Жүздесу барысында туындыдағы бала тағдыры, оның құқығы, жан жарасы, ата-анаға деген сағынышы, ағайын-туыстың ара-қатынасы, ауылдың тыныс-тіршілігі, еркіндік, риясыз балаң махаббат тақырыбы да ешкімді бей-жай қалдырмағанын білдік.

«Дөңгелек үстел» басындағы әңгіме аталған картинадағы Ақоштың бозбала шағын сомдаған Нұртілек Жарылқасынмен сұхбат ретінде жалғасты. Жас оқырмандар актерға сауалдарын қойып, арада жақсы диалог орнады.

САПАРЫМ ЕНДІ БАСТАЛДЫ

– Дәстүрлі сұрағым бар: бұл рөлге қалай келдің?

– Кастинг ашық, жария түрде болды. Он мыңға жуық адам қатысты деп естідім. Солардың ішінде бағым жанды, өттім. Алдымен кастинг директорының алдынан өтесің. Одан соң «пробаға» шақырды. Бірге ойнайтын партнерларыңмен бірнеше «проба» өтеді. Содан кейін ғана шақырту алдым. Соның өзінде де сенген жоқпын. Құлағыма «Түсірілім басталды. Дубль» деген сөз жеткенде ғана нақты сенген болармын деп ойлаймын.

– Актер болу арманың ба еді?

– Шынымды айтсам, актер емес, әнші болуды армандадым. Тоғызыншы сыныптан кейін Алматыға келдім. Бірақ алдымда «не істеймін, қайда барамын?» деген сұрақ тұрды. Чайковский атындағы музыка колледжіне барсам деді бір ойым. Бірақ қайта ойландым. Актерлықты таңдасам қалай болар екен дедім. Бұл салада ән де, би де, қимыл-қозғалыс, бәрі бар ғой деп ойладым. Сөйтіп, Жүсіпбек Елебеков атындағы Алматы эстрада-цирк өнері колледжіне тапсырып, оқуға түстім. Оқу



барысында, дәрістер кезінде қызығушылығым үдей түсіп, дұрыс жолда екенімді түсіндім. Сені ешкім киноға түсіп жатыр екенсің деп жіберіп қоймайды, әрине. Киноға түсу барысында колледждегі оқуымды да ақсатпадым. Келесі жылы диплом аламын. Кино әлеміндегі нағыз сапарым енді басталады деп ойлаймын. Ал негізі, жол салып берген «Болмаған балалық шақ» деп айтуға болады.

КАМЕРАДАН ЖҮРЕКСІНДІМ...

– Бұл сенің ең алғашқы басты рөлің ғой, қандай қиындықтар болды?

– Маған басында камераға жұмыс істеу қиындық туғызды. Түсірілім алаңындағы барлық адамның көзі бір саған қадалып тұрады, сондай кезде рөлімді сенімді ойнай алмай, алғашында қиналдым. Санаңда «бұл фильм ертең үлкен экранға шыққанда қалай болады, мен қалай көрінеді екенмін» деген қорқыныш болды. Біз негізі екі сағаттық киноны бір демде көріп шыға саламыз ғой. Бірақ оның арғы жағында қаншама еңбек жатқанын оған қатысқан адамдар жасқы біледі. Осы картинаны түсіру кезінде Алматы облысындағы алты-жеті ауылда болдық-ау. Қыс мезгіліндегі атпен болған сахналар да қиындықтар туды. Нарынқол ауданындағы Тоғызбұлақ деген ауылда болдық.

Одан кейін Кеген ауданындағы Бесмойнақ ауылында түсірдік. Одан Жамбыл ауданының Аққайнар, Мәтібұлақ, Сұраншы батыр ауылдарына бардық. Отар стансында да түсірілімдер болды. Осылай бірнеше ауылды аралап жүріп түсірдік. Камера алдында өзіңді сенімді ұстауда режиссер Айдын Сахаман да, Ақберен ағаның өзі де көп қолдау көрсетті. Рөлге, оқиғаға жүрегіңмен кіріп кеткеннен кейін, камераны да елемей кетесің.

– Әдетте кастингтен өткендерге талаптар қойылады ғой. Киноға түсетінің шешілген кезде саған нендей талаптар айтылды?

– Күнде жүгіру, төрт келі салмақ таста, атқа жақсы отыруың керек деген секілді талаптар қойылды. Мен өзі ауылда атпен шауып өскен баламын, сондықтан еш қиналған жоқпын.

КІШКЕНТАЙ АҚОШТЫҢ ЖҮРЕГІ

– Кинода жүрегіңе жақын алған қандай сахналар болды?

– Картинада кішкентай Ақошты анасы тастап кетеді. Менде аяныш сезімі болды балаға деген. Кітабын оқығанда да қиналғаным бар. Өзімнің балалық шағымның бақытты өткеніне, әке-шешемнің мейіріміне қанып өскеніме тәубемді айттым іштей. Дегенмен, шын өмірде басымнан өтпеген

оқиға болса да, Ақоштың тағдырын жүрегіме қатты қабылдадым, сахна кезінде жылап қалған сәттеріміз де аз болған жоқ.

Ақоштың ағасы Данышпанның қайтыс болатын сахнасы қатты әсер етті маған. Мен ол кезде рөлде емеспін, сахна сыртында тұрмын. Осы фильмде балалар жақсы ойнады, жүрекпен ойнады. Данышпан (рөлде Әлихан Сейсембай) «Мен өлем ғой, иә?» деп інісі Ақошқа (рөлде Шәкәрім Алмасбек) сұраулы жүзбен қарайды. Әлиханның өзі өз сұрағына сахнада шын жылап қалады. Одан кейін ағасының көз алдында кетіп бара жатқанына шын қиналып Шәкәрім де жылап жібереді. Осы сәтте сырттай бақылап тұрған бүкіл түсірілім тобы көзіне жас алды. Дегеніміз түсірілім тоқтатылып, екі сағатқа үзіліс жасалды сонда. Осындай әсерлі, өксік қысқан сәттер менің Ерлан Біләл ағаммен, Ақбота Рахат әпкеммен болған сахналарымда жиі болды. Картинаны барлық актер жүрекпен алып шықты деп ойлаймын.

– Жұлдыз ауруымен ауырған жоқсың ба?

– Иә, бұл картина мені танымал етті. Өміріме өзгешелік енгендей. Бұрын теледидардан көріп жүретін атақты актерлармен бір кинода, бір жобада жұмыс істеймін, партнер боламын, түсірілім алаңында бірге жүріп, бірге шәй ішеміз деп кім ойлаған. Бұл да бір тағдырымның сыйы шығар. Көшеде, әлдебір жиындарда көрген кезде «сенімен суретке түсуге бола ма?» деп сұрайды. Әрине, қуанасың іштей танымал бола бастағаныңа. Бірақ жігітке ұстамды болған дұрыс деп ойлаймын.

– Ең сәтті, ерекше болған сахна қайсы деп ойлайсың?

– Ең ерекше болған сахна дейсіз бе? Картинаның ең соңғы нүктесі қойылған сәт шығар, бәлкім. Бұл – баланың нәзік жүрегіңдегі қорқыныш пен үміттің тартысы туралы, бірақ алдағы күндерге үміт сыйлайтын фильм. Иә, эмоциялық тұрғыдан өте ауыр болды. Бірақ ең соңында тағдырлы бала – Ақоштың анасымен түсінісіп, табысқанын сезінудің, махаббат пен мейірімнің күші бәрінен де биік екенін түсінудің өзі ғажап күй сыйлайды. Оның үстіне, неше айдан бері бәріміздің бір-бірімізге бауыр басып қалғанымыз бар, көкейде қимастық сезімі болды.

Нұржамал
ӘЛІШ,
журналист.





СҰХБАТ

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ

өркениетті елдің белгісі



Бүгінгі таңда Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білімге қол жеткізуі – мемлекеттің басты басымдықтарының бірі болып отыр. Инклюзивті қоғам – өркениетті елдің белгісі. Қазір бұл бағытта ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Әсіресе, Алматы қаласы инклюзивті білім беру саласында көш бастап келеді. Біз Алматы қаласы бойынша инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайы туралы қалалық Инклюзивті ресурстық орталықтың басшысы Ағайша САПАРОВАҒА жолыққан едік.

– Ағайша Әмірқызы, алдымен елімізде инклюзивті білім беру саласының қалай жүзеге асып жатқанына тоқталсаңыз... Осы бағытта Алматы қаласында қандай жұмыстар қолға алынып жатыр?

– Инклюзивті білім берудің басты мақсатының өзі – әр баланың әлеуетін ашуға жағдай жасау ғой. Ол тек физикалық қатысумен шектелмейді, баланың эмоционалдық, әлеуметтік және білім беру қажеттіліктерін толық қамтуды көздейді. Бұл – қоғамдағы төзімділік пен өзара түсіністіктің негізі.

Инклюзивті білім беру – дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды бірлесіп оқыту түрі. Яғни инклюзивті білім беру балалардың денсаулық жағдайына қарамастан білім берудің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтиды. Соңғы жылдары Қазақстанда инклюзивті білім беруді жан-жақты дамыту қолға алынып отыр. Арнайы білім әр баламен жеке жұмыс жасауды, әр балаға назар аударуды қажет етеді. Сондықтан педагогтар оқытатын жоғары оқу орындарының бағдарламаларына «инклюзивті білім беру» модулін қосу жоспарланып, педагогтар үшін біліктілікті арттырудың жаңа курстары әзірленді. Бұған қоса, мектептерде 700-ден астам инклюзияны қолдау кабинеті жұмыс істейді. Мәсе-

лен, 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша Қазақстанда 7000-нан астам мектептің 80%-ға жуығында инклюзивті білім беруге белгілі бір деңгейде жағдай жасалған. Бұл білім беру саласында тең мүмкіндіктерге бағытталған мемлекеттік саясаттың нәтижесінің арқасы дер едім.

– Алматы қаласында инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектептер саны қанша?

– Инклюзивті білім беру қазір Алматыдағы 198 мектепте жүзеге асырылып отыр. Бұл – қаладағы мектептердің 92%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш – қаланың білім беру жүйесіндегі ауқымды өзгерістердің және прогрессивті қадамдардың дәлелі.

– Қаладағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың санына байланысты нақты статистика бар ма?

– Нақты ақпараттарға сүйенсек, 2024-2025 оқу жылында Алматы қаласында ерекше білім беру қажеттіліктері бар 2388 оқушы инклюзивті біліммен қамтылса, жыл сайын олардың қатары артып келеді. Өйткені, инклюзияның мәнін түсінетін ата-аналар да, педагогтар да көбейе бастады.

– Инклюзивті білім беру процесінде қандай қолдау құрылымдары бар?

– Қазіргі таңда қала мектептерінде 196 психологиялық-пе-

дагогикалық сүйемелдеу кабинеті жұмыс істейді. Сонымен қатар, 8 тірек мектеп пен жаңадан ашылған 8 «Инклюзивті академия» құзыреттілік орталығы мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетіп жатыр. Жалпы, бұл құрылымдар педагогтарға, оқушыларға және ата-аналарға бағытталған кешенді қолдау жүйесін құрайды.

– Мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қандай инфрақұрылымдық жағдайлар жасалған?

– Иә, бұл тұрғыда Алматы мектептерінде барлық жағдай жасалған. Мәселен, мектептерде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға арналған пандустар, көтергіш құрылғылар, арнайы парталар мен тактильдік жолдақтар орнатылған. Сонымен қатар, көру және есту қабілеті бұзылған оқушылар үшін дыбыстық және визуалды дабылдар қарастырылған. Бұл ең алдымен олардың қауіпсіздігін қадағалау үшін жасалған қадамдар.

– Психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарлары қалай ұйымдастырылады?

– Қаламыздағы барлық мектепте педагог-психолог, логопед, дефектолог және әлеуметтік педагогтан құралған арнайы мамандар тобы жұмыс істейді. Бұл мамандар баланың жеке даму жоспарын жасап, ата-аналармен және мұғалімдермен бірлесе отырып жұмыс атқарады.

– Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша қандай жоспарлар бар? Ұлттық үздіксіз инклюзивті білім беру орталығының құрылуы туралы да айтып берсеңіз...

– Сәтін салса, алдағы жылдары бұл саланы дамыту үшін жеке көзқарасты күшейту, педагогтарды даярлау, заманауи технологияларды енгізу, физикалық ортаға қолжетімділікті қамтамасыз ету және ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту бағыттары басты назарда болатын болады.

Сонымен қатар, педагогтарға арналған халықаралық тағылымдамалар мен үздіксіз оқыту курстары әлі де жалғасады. Орталық мамандары инклюзивті білім берудің бірыңғай әдістемесін жасап, оны бүкіл республика бойынша енгізуді мақсат етіп отыр. Мұнда оқыту, ғылыми зерттеу, тәжірибе алмасу, әдістемелік қолдау және онлайн-платформалар арқылы үздіксіз кәсіби даму қамтамасыз етіледі. Алматы қаласы бұл жолы да осынау бастаманың белсенді қатысушысы ретінде танылып отыр.

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ



ТІЛ БІЛІМІНІҢ ТАРЛАНЫ

Академик, түрколог-ғалым Шора САРЫБАЕВТЫ еске алуға арналған кеш өтті

Шоқан Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназияда тағылымды іс-шара ұйымдастырылды. Тіл білімі үшін басын бәйгеге тігіп, тынымсыз еңбек еткен, өмірінің соңына дейін қолынан қаламы түспеген Шора Шамғалиұлы Сарыбаевтың есімі бүгінде ерекше аталады.

«Тілге қызмет – елге құрмет» атты қазақ тілі мен әдебиеті апталығы аясында өткен жиын академиктің 100 жылдығына арналды. Саналы ғұмырын қазақ тілі ғылымының дамуына арнап, қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткерсе де, ғылымды киелі санаған саңлақ ғалым мол мұра қалдырып кетті.

Кешке ғалымның қызы Майра Шорақызы Сарыбаева арнайы келді. Академик еңбектеріне зер салсаңыз, тіл білімінің қалам тартпаған саласы кемде-кем екендігіне көз жеткізесіз. Осынау жылдар ішінде еңбектері күллі түркі әлеміне танылған түрколог-ғалымның ғылыми-зерттеу еңбектері, диалектология, морфология, лексикология, лексиколография, библиография, тіл тарихы, аударма, есімнама, алтаистика мәселелеріне арналған. 250-ден астам ғылыми мақалалары мен оқулықтары, монографиялары жарық көрді. Тынымсыз ізденісі мен қажырлы еңбегі арқылы қазақ тіл білімінің тарихын зерттеу ісіне зор үлес қосты. Әсіресе, Шора Сарыбаевтың бар күшін сарп етіп зерттеген саласы – диалектология мен тіл білімінің тарихы. Бұл саланың екеуі де күрделі. Атақты ғалым бұл салаларды талдап-талқылау үшін өмір бойы ізденді. Тынымсыз тер төкті. Соңынан ізі қалған ғалымның ілімін бүгінде оның қызы Майра Сарыбаева жалғастырып келеді.

Алдымен ғалымның өмірі мен еңбектеріне негізделген бейнефильм көрсетілді. Кездесу кешін ардагер ұстаз Рахима Сәкенова ашып, Шора Сарыбаевтың өміріне шолу жасады.

Іс-шара аясында ғалымның өмірі мен ғылыми мұрасы, тіл біліміне сіңірген еңбектері, ұлт руханиятындағы орны және оқушылардың шығармашылық жұмыстары тыңдалды. Аталмыш іс-шара – жас ұрпаққа рухани тәлім беріп, қазақ тіл білімінің дамуына зор үлес қосқан ғалымның еңбегін насихаттады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Майра ШОРАҚЫЗЫ:

Өзі таңдаған жолдан айныған жоқ

Әкем туралы айтар әңгімем өте көп. Ол кісі көптеген қиындыққа кездесе де, өзі таңдаған жолдан айнымай өтті. Әкем өте сабырлы болатын. Адамгершілігі мол жан еді. Тіпті, өзіне сатқындық істеп, үстінен арыз жазған кісілерді де кешіре білді. Бұл оның жүрегінің кеңдігі, адами қасиетінің арқасы шығар. Ғасырдан астам тарихы бар киелі қара шаңырақ – №12 мектептің біздің әулетіміз үшін орны бөлек, өте ыстық. Сонау 1930 жылдары менің атам осында көшіп келген кезінде Рафика Нұртазинаға сабақ берген екен. Ол туралы Рафика Бекенқызы жиі айтатын.

Менің атам туралы өзінің кітабында да жазды. Мені көрген сайын атам жайында айтып, ешқашан ұмытпайтынын айтушы еді. Кейін мен жоғары оқу орнын бітірген соң мені осы мектепке жұмысқа алды. Әрине, мені Рафика апай тәрбиелеп, өсірді. Менің балаларым да осы мектепте білім алды. Осы мектепті Рафика Бекенқызынан кейін ұзақ жыл басқарған Рахима апай менің балаларымның сынып жетекшісі болды. Сондықтан бұл мектептің біз үшін орны ерекше.



ЭЛЕУМЕТ

ЕРТЕ АРАЛАСУ ОРТАЛЫҒЫ

ата-аналарға демеу бола алады

Былтыр жыл соңына таман мегаполисте Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен Ерте араласу әлеуметтік қызметтер орталығы ашылған болатын. Аз уақыт ішінде мекеме біраз жұмысты еңсеріп тастады. Бүгін сол туралы тарқатамыз.

Нұржамал
Әліш

«Сен ауырма, жан балам!»

Алматы қаласында ерте араласу бағдарламасын іске асырудың тетігі осыдан екі жыл бұрын, яғни 2023 жылы өткізілген пилоттық жобаның нәтижелері мен үкіметтік емес ұйымдардың, атап айтқанда, «Кеңес», «АРДИ» және «Дара» қоғамдық қорларының құнды тәжірибесіне негізделген.

Иә, бізде балалар орталығы, оңалту орталықтары аз емес. Дегенмен, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарайтын біз айтып отырған Орталық бәрінен өзгеше десек, қателеспейміз. Бірегейлігі сол – Алматы қаласының әкімі бекіткен регламент негізінде денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау басқармалары үштік одақ ретінде өзара тығыз байланыста жұмыс істеуді көздеп отыр. Яғни осы үш ведомство өкілдері ертеңгі күні кеш болып қалмау, мүгедектің алдын алу үшін, кішкентай балдырғандардың өмірінің ең маңызды деген осынау даму кезеңінде физикалық, когнитивті, эмоционалды және әлеуметтік жағынан кәсіби қызметтерді бірлесіп көрсетуге ниетті. Дәл осы жылдардағы араласу баланың қалыпты дамуын және оның қоғамға интеграциялануын қамтамасыз ете отырып, ауытқушылықтың салдарын азайтуға немесе толығымен жоюға мүмкіндік береді. Тіпті, баланың ас ішерде қасықты қалай ұстауына дейін үйрететін Орталық құрамында даму педиатры, психолог, әлеуметтік педагог, физио және кәсіптік терапевттер, логопед және әлеуметтік қызметкер кіретін мамандардың пәнаралық тобының қызметі қамтамасыз етілген.

Жоғарыда айтылған үштіктің байланысын толығырақ тарқатар болсақ, әйелдің құрсағына біткен шарананы әуелі денсаулық сақтау мамандары тексереді. Скринингтен өткізеді. Бала өмірге келгеннен кейін қандай да бір ауытқуы байқалса, Ерте араласу орталығына бағыттайды. Мұнда «Тұмар бала» деген портал жасалады. Баланың өзіне-өзі қызмет көрсету, сөйлеу, когнитивтік қабілеттер, әлеуметтік бейімделу және т.б. дағдыларын дамытуды қамтитын жеке ерте араласу бағдарламасы әзірленеді. Яғни әр баланың аухалы жеке-жеке, түгел түзіледі сол порталға. Соған қарап аталған Орталық мамандары жүйелі түрде жұмыс істей бастайды. Олар әр баланы видеоға түсіріп алады, оның қимыл-қозғалысына дейін, тіпті қолын аузына қалай апарады, қалай тұрады, отырады, бәрі-бәрі зерттеледі. Орталықтың аты айтып тұрғандай, міне, ерте араласу деген осы.

Осынау аз уақыттың ішінде балаларға табиғи өмірлік жағдайларда бала мен отбасының үйлесім мен үндестікте болуын; баланың сөйлеуі мен қарым-қатынасын; баланың ұтқырлы-

ғын дамытуға жәрдемдесу; психологиялық кеңес беру сынды 100-ге жуық қызмет көрсетілген екен. Егер осы жұмыстар оң нәтиже беріп, балада едәуір ілгерілеушілік байқалса, мамандар шешімімен балабақшаға немесе мектепке бағытталады.

Міне, Алматы қаласы Ерте араласудың әлеуметтік қызметтер орталығындағы баланың диагнозы ары қарай күрделеніп кетпеуі үшін жанын беріп, қалыпты өмірге жетелеп жүрген әдіскер-маман Замира Жайлауова, педиатр Эльмира Есжанова, логопед Айдана Ержанқызы, дефектолог Айгерім Әмірбек, пәнаралық мамандар – Мадина Марат пен Әнел Ерболат секілді жандардың еңбегі атап кетуге тұрарлық.

Орталықтың мамандары ақпанда ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен Қазақстан–Ресей медицина университеті ұйымдастырған «Балалар ауруы мен мүгедектігінің алдын алудағы медициналық-әлеуметтік аспектілер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты. Конференция аясында біліктілікті арттыру бойынша шеберлік сыныбы және онлайн тестілеу өткізілді. Оның нәтижелері бойынша Орталық мамандарына сертификаттар берілді. Бұл шеберлік сабақтары денсаулығында кінәраты бар балаларды өмірге бейімдеуде аса қажет тәжірибелер. Сондықтан олар мұндай конференцияларға қалмай қатысып отырады. Наурызда өткен «Ерте араласу: заманауи әдістер мен перспективалар» атты халықаралық конференцияға да қатысып, Еуропа мен Орталық Азияның осы саладағы мамандарымен тәжірибе алмасты. Қазіргі уақытта Орталықта 30 адамнан тұратын үйлесімді топ жұмыс істейді. Бұл – үлкен күш.

Біз ата-аналармен сұхбаттасып отырғанымызда, кабинетке баласын жетектеген тағы бір ана келді. Жанында Орталық психологы бар. Ол баланың анасына алдағы уақытта нені ескеру керектігін тағы да пысықтай айтып келе жатқан беті екен. Орталыққа келіп жүрген 3 жасар Әминанмен қоштасарда психолог Раушан Молдабекова құшағын ашып еді, бала жүгіріп келіп қойып кетті, сосын бетінен сүйді. Өзін күнде көріп жүрген үлкен адамға деген ықыласы және қоштасқаны.

Жып-жылы көрініс. «Барлық бала ешқашан ауырмасын, аман-есен болсын» деген ниеттегі осындай мамандар көп болса, қоғамда дені сау ұрпақ та, кеңілі жай ата-ана да толыққанды өмір сүре алады деген сөз.



✓ АТА-АНА ЛЕБІЗІ

Барно ДАДАЖАНОВА,
кішкентай Нұрасылдың анасы:

Баламен жұмыстың бәрі ойын түрінде өтеді

Үш баламыздың кішісіне «зпр» диагнозы қойылды. Күйеуім екеуіміз қайда апармадық дейсіз, үмітімізді үкілеп талай орталықтың есігін аштық, бәрі ақылы, қымбат. Бірақ бәріне ақшаң жете бермейді. Мына орталықтың ашылғаны бізге өте оңтайлы болды. Тегін. Қазір күн құрғатпай келіп жүрміз. Міне, балам еңбек нұсқаушысы Нұржамал Қожабаеваның көмегімен алманың суретіне қызыл түстерді өзі танып жапсырыпты, жапырағына жасыл түсті желімдеген. Бұл жұмысына өзі де қуанып тұр. Өзім де мәзбін. Мұнда баламен жұмыстың бәрі ойын түрінде өтеді.

Кейде ойлаймын, неге біз осылай болдық деп. Қазір зпр, аутизм диагнозы бар балалар тым көбейіп кетті. Интернетті ақтардым, себебі неде деп. Сонда американдық бір ғалымның зерттеуін көзім шалды. Қазір тұтынып жүрген тағамдарымыздың бәрі пластик ыдыстарда, құтыда тұрады емес пе. Аутизмнің көбеюінің бір ұшығы сол пластик бұйымдарда жатыр деп топшылапты. Мүмкін. Ешбір баланың ауырмауын тілеймін.

Жазира ЖОЛАН,
3 жасар Әминаның анасы:

Жылы сөз де дәтке қуат

Балам атын атап шақырғанда бұрылып қарамайтын, сырттан келгенде, алдымыздан қуанып жүгіріп те шықпайтын. Бұл жағдай жаныма қатты батты. Үйдің ауласы тұрмақ, қонаққа да шыққым келмейтін. Бірақ айналама қарасам, мұндай бала өте көп екенін байқадым. Бұл – үлкен проблема! Қандай орталық бар, соның бәріне апардық. Бірақ ақылы, бағасы тым қымбат. Отағасының бір айлығын қалай жеткізерсіз?! Жасыратыны жоқ, қазір мұндай орталықты көбі табыс көзіне айналдырып алған. Сондықтан алдына барып тұрған баланы жылдам қарай салып, ата-анаға тез-тез жауап беріп, «кәні, келесі кім?» деп, шығарып салатындар да аз емес. Ал сіз робот емессіз ғой, кейде шаршайсыз, қажисыз, ондай кезде дәрігер немесе психологтың балаң тұрмақ, өзіңе де көңіл бөлгенін, жылы сөйлегенін қалап тұрасың.

Осы Ерте араласу орталығынан, міне, осындай мамандарды көріп, жаным жадырап қалды. «Бүгін қалай ұйықтап тұрдыңыздар?» деп жәй ғана амандық-саулық сұрасуының өзі бойыңа қуат береді. Мұнда баланы дамытуға деген ықыласы жоғары мықты мамандар жасақталған десем, қателеспеймін. Алматы әкімдігіне рахмет, бізге осындай тегін орталық ашып берген!

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрзия ӘЛІМБЕКОВА,
Алматы қаласы
Ерте араласу әлеуметтік
қызметтер орталығының
директоры:

Отбасының қолдауы аса маңызды



Қазір бізге отызға жуық ата-ана келіп жүр балаларымен. Отбасымен бірігіп жұмыс істейміз. Бізде баланың жағдайына қарай үйге барып қызмет көрсететін де мамандар бар. Ол біз үшін тіпті қолайлы. Себебі, үйдегі жиһаздар қалай орналасқан, баланың қимыл-қозғалысына кедергі жасамай ма, соның бәріне мән беріледі. Үйдегі ата-әже, әпкесіңді, аға-бауыр, бәрінің атсалысуын қадағалаймыз.

Әйтпесе, жасыратыны жоқ, біздің қоғамда баланы «сен үйде отырсың ғой» деп әйелге жүктеп қояды. Содан олар күндердің күнінде қажып, күйзеліске ұшырайды. Ал өзі шаршаған ана баласына қалай қарайды? Сондықтан баланың ертеңіне отбасы түгел атсалысуы керек.

Былтыр осы орталық ашыла салысымен Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен мамандарымыз Санкт-Петербург қаласындағы Ерте араласу институтында білімін жетілдіріп, тәжірибе алмасып, оқып келді. Мамандарымызда «Трансдисциплинарлық ерте араласу маманы» деген арнайы білім бар.

Осы ретте ата-аналарға айтқым келетіні, кішкентай бала өзіндегі жайсыздықты жеткізе алмайды ғой. Сондықтан үлкендер мұқият болғаны абзал. Мәселен, сәбиінің түнде ұйқысы қалай, ұйықтап жатқанда қалай аунайды, айналадағы дыбысқа елең ете ме, осының бәрі баланың дамуы сатысынан хабар береді. Өкінішке орай, бізде тілі әлі шық-

паған баланы маманға апарып көрсетудің орнына, «менің де тілім кеш шыққан немесе «менің арғы атамның тілі кеш шығыпты, ештеңе етпейді, сөйлеп кетеді» деген қазақшылық көзқарас бар, әлде ерен санамау дейміз бе мұны.

Ата-ана отбасындағы күнделікті қарапайым тіршілікпен де баланы дамытуы керек. Мысалы, қарапайым ғана бір мысал, біз кір жуатын болсақ, кірлерді машинаға саламыз да, қақпағын жауып кете береміз. Осындайда жуылатын киімдерді балаңызбен бірге апарып салу маңызды. Балаға «мынау қандай түс, ал мынау ше» дегендей әңгіме айтасыз. Сонда баланың қаншалықты дамып жатқаны, түстерді ажырата алуы, тілінің шығып келе жатқаны, сөзге мән беруі, ілесуі, бәрі-бәрі көрініп тұрады. Ал егер оның денсаулығында кінәраты болса, сіз диалогқа шақырған дүниелерге бала мүлдем мән бермейді. Міне, сонда дабыл қаға бастайсыз. Ал өкінішке орай, біз мамандарға өте кеш келеміз. Осы орайда ата-ананың сергектігі, жауапкершілігі аса маңызды.



ҒАСЫРМЕН ҚҰРДАС

Жеңіс жауынгері Алматы қаласының Алатау ауданында тұрады

Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабы тимеген әулет жоқ. Сол жылдарда майданға алынғандар қолына қару алып, қасап майданға түссе, есін білген жастардан еңкейген қарттарға дейін «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп еңбек етті. Ал он бес-он алтыға толған бозбалалар соғысқа сұранып, әскери комиссариат есігін тоздыратын. Біздің кейіпкер де солардың бірі болды.



Нұрлан
СҮЙІН

Ерлікке – тағзым, ұрпаққа – үлгі

Ғасыр жасап, Жеңістің 80 жылдығының куәгері боп отырған Көлбай ақсақал жайлы мәлімет бізге «АМАНАТ» партиясының Алатау аудандық филиалынан келді. Жалпы, қалада партияның Алматы филиалы Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында соғыс және тыл ардагерлерінің үйлеріне барып, қал-жағдайларын біліп, мүмкіндігінше көмек көрсетуде. Осы жоба аясында партияның Алатау аудандық филиалының төрайымы Жарқын Алдамбергенова бастаған топ «Зерделі» ықшамауданында тұратын Көлбай Анафиянов ақсақалдың шаңырағына барып, сәлем берді. Ардагерге шапан жауып, мерекелік себеттер табыстады.



дейін тыл майданының жауынгері болған кезең еді. Орталық Азия республикалары ішінен соғыс аймағымен шекаралас Қазақстанның «тыл майданы» болатын реті. Ресей, Украина, Беларусьтен зауыт-фабрикалар көшіріліп, соғыс ортасында қалған бала-шағалар эвакуацияланған еді сол кезде. Бозбала Көлбай да көппен бірге сол тыл майданының ортасында жүрді. Кеудеде қару ұстап, Отан қорғасам деген ой да жоқ емес. Ол күндер де ұзақ емес екен. 1944 жылы он сегізге толған Көлбай Анафиянов әскерге алынып, Семейге әскери жаттығуға жіберілді. Әскери дайындықтан өткен жауынгер Екінші Беларусь майданынан бір-ақ шыққан.

Қарумен бастап, күреппен жалғасқан жылдар

Екінші Беларусь майданында соғысқа кірген Көлбай жауынгер жеңіс күніне дейін қасап майданның ортасында болды. Жас жауынгер талай майданға түсіп, ерлік көрсетті. Небір шайқастан аман қалды. Бойында бұла күші бар жас жауынгер жеңісті жақындатуға үлес қосты. Бар қайратын да қайсар жүрегін де қосты. «Толарсақтан саз кешкен» күндер артта қалып, жеңісті күндерді де көрді. Көретін жарығы бар екен, қасап майданда шейіт болған 26 миллион совет жауынгерінің арасында кетпеді. Алда соғыс болмаса да ауыр күндер күтіп тұрған. Басшылық Берлин берілген соң, жас, жарамды жауын-

герлерді әскери қызметті жалғастыруға, соғыс зардабын тазартып, қалыпқа келтіруге қалдырды. Солардың қатарында Беларусь майданында болған Көлбай жауынгер де қырғын шайқаста берілмеген Брест қамалын қалпына келтіру жұмыстарына жіберілді. Жеңіс жауынгері қалпына келтіру жұмыстарында 1949 жылдың соңына дейін жүрді. Осылай Көлбай үшін әскери өмір 1949 жылға дейін созылды. Он сегіз жасында соғысқа алынған ол 23-24 жасында елге оралды. Алда соғыстан кейінгі өмір, білім алатын болашақ күтіп тұрған. Екі-үш жыл жұмыс істеген жас жігіт жоғары білім алуға ұмтылды. Оқуды ойдағыдай бітіріп, қайта елге оралып, маман ретінде Отанға қызмет етті. Отбасын құрып, тоғыз перзентті болды. Отызға жуық немере, қырықтан астам шөбере сүйді.

Сол бір соғыстың сұрапыл жылдарын еске алып, бүгінгі бейбіт өмірге шүкіршілік айтады ардагер: «Сол бір соғыстың ауыр жылдары халыққа ауыр тиіп, шыдамы мен бірлігін сынға салды. Мен соғыстың алғашқы жылдарында елдегі ауыр тұрмысты көріп, елде қалғандардың ерен еңбегінің куәсі болдым. Сонан соң кәмелетке толып, өзім де қасап майданның ортасында жүрдім. Соғыстан соңғы қайта қалпына келтіру жұмыстарына да атсалыстым. Бір сөзбен айтқанда, соғысқа қатысты барлық нәрсені басымнан өткердім. Енді қайтып ондай күндер болмасын, тек бейбіт күндерде болайық», – дейді Жеңіс жауынгері.

Ғасыр жасап отырған абыз ақсақалдың ризашылықпен берген батасына бәріміз әумин десіп, Отанымызға бейбіт аспан тіледік.

ЕРЛІК САБАҒЫ

ЖАС ПАНФИЛОВШЫЛАР ант қабылдады

Жетісу ауданындағы №101 мектеп-гимназияда Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай республикалық «Біз – миллиондаған панфиловшылармыз!» атты акция ұйымдастырылды. Іс-шараға тікелей трансляция арқылы Қазақстаннан бөлек Қырғызстан мен Ресей аумағының да мектептері қатысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Дәстүрлі іс-шара бұл күнде жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеудің көрнекті үлгісіне айналды. Аудан мектептерінің озат оқушылары «Жас панфиловшылар» қатарына салтанатты түрде қабылданды. Мектеп ауласына оқушыларға арнайы көрме ұйымдастырылып, онда панфиловшылардың ерлік істері, майданнан жазылған хаттары мен архивтік суреттері қойылды.

Соңғы жылдары «Жас панфиловшылар» қозғалысына атсалысу тек Қазақстанда ғана емес, көрші мемлекеттерде де жалғасын тауып, жоғары деңгейде ұлықталып жатыр. Мәселен, Бішкекте халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтіп, Панфилов дивизиясының ерлігі мен интернационалдық рухы кеңінен талқыланса, Ресейдегі Дубосеково мемориалында жыл сайын еске алу митингілері өтеді.

Тағылымды іс-шарада сөз алған Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Данияр Әлкебаев тарихи оқиғаның куәгері болып отырған барлық ерлік сабағына қатысушыларды құттықтады. Алматыдағы Ресей бас консулының орынбасары Андрей Константинов Ұлы Отан соғысындағы панфиловшылардың ерлігі ешқашан ұмытылмайтынын жеткізді. Сосын Отан үшін от кешіп, нағыз ерліктің



үлгісіне айналған панфиловшылар туралы фильм көрсетілді. Фильмде 1941 жылдың қарашасында Мәскеу түбіндегі Дубосеково разъезінде жауға төтеп берген 28 батыр жауынгердің көпшілігі Қазақстаннан шақырылған жауынгерлер екені, олардың Кеңес Одағының көпұлтты халқының ынтымағы мен қажырлы рухын көрсеткені баяндалды.

Жиында сөз алған атақты генерал И.Панфиловтың немересі Айгүл Байқадамова аталмыш акцияның өміршеңдігін тілге тиек етіп, жас ұрпақты әрқашан туған Отанды сүйуге үндеп, адал болуға шақырды. «Бұл – жай ғана тәрбиелік сағат емес. Бұл – жас ұрпақтың санасына Отанға деген махаббат пен құрметті сіңірудің нақты жолы. Біз осынау акция арқылы әрбір баланың бойында мақтаныш сезімінің оянуын қаладық, – дейді генералдың немересі.

«Біз – миллиондаған панфиловшылармыз!» қозғалысына арнайы қатысқан қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Шолпанқұлұлы, Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі Бахтияр Камалов, қалалық жас ұрпаққа патриоттық

тәрбие беру жөніндегі комиссия төрағасы Берікжан Айтқұлұлы, қалалық жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Мұрат Әбдішүкіров, тыл ардагері Қалкен Уалекеев, тағы басқа қонақтар аға ұрпақтың ерлігін дәріптеп, жас ұрпақты Отансүйгіштікке, адалдыққа шақырды.

Мектеп оқушылары дайындаған «Ұрпаққа ұран болған ұлы Жеңіс» атты әдеби-сазды композицияны тамашалаған кеш қонақтары жас панфиловшылар өнеріне ерекше тәнті болды. Арнайы бағдарлама сахналық қойылымдардың мазмұнымен ерекшеленді. Мұнда соғыстың басталған сәтінен ұлы Жеңіске жеткен күнге дейінгі халықтың көңіл күйі түгел қамтылды.

Жас ұрпақтың жадында қалар ең әсерлі сәт – олардың «Жас панфиловшылар» қатарына қабылдану рәсімі болды. Бұл күні Жетісу ауданының мектептерінде білім алып жатқан оқу озаттары арнайы төсбелгі алып, ант қабылдады. Олар да енді өздерінің миллиондаған панфиловшылар қатарына мүше екенін мақтан тұтатын болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тамара
ШӘКІРОВА,
Жетісу
аудандық
Ардагерлер
кеңесінің
төрайымы:



БАТЫРЛАР РУХЫ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ ЖАЛҒАСУЫ ТИІС

Осынау ауқымды іс-шара барысында біз тарих аманатын болашаққа табыстап жатырмыз. Отан үшін жанын пида еткен батырлардың рухы жас ұрпақтың жүрегінде жалғасуы тиіс. «Жас панфиловшылар» – бұл тек ерлік жайлы емес, бұл ел болашағына деген жауапкершілік, тарихты қадірлеу, ұлт рухын сақтап қалу жолындағы нақты қадам.

Жалпы, біздің Жетісу ауданының ардагерлері мектептермен тығыз байланыста осындай жүргізіп отырады. «Ерлік сабағы» жобасы аясында жиі кездесулер, ашық сабақтар мен тарихи экскурсиялар өткіземіз. Бұл – ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Қазіргі таңда жастарымыздың ақпаратты көбіне әлеуметтік желілер арқылы алатыны жасырын емес.

Сондықтан осындай нақты, шынайы сезімге әсер ететін іс-шараларды жиі өткізу қажет дер едім. Өйткені, дәл осындай ерлікке құрылған шынайы оқиғалар – жас-өспірім санасында терең із қалдырады. Болашақта еліміздің әр мектебінде осындай іс-шаралар көптеп өтсе, біз шын мәнінде ерлік рухын ұлықтай алған халық боламыз.



ЭСТАФЕТА

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай еліміздің түкпір-түкпірінде тағылымы терең іс-шаралар ұйымдастырылуда. Солардың бірі – халықаралық деңгейде өтіп жатқан Ұлы Жеңіс эстафетасы. Брест қамалынан бастау алған эстафета бүгінде Қазақстан жерінде жалғасын табуда. Алматы қаласының жүрегінде орналасқан 28 гвардиялық-панфиловшылар саябағында, ерлік пен елдікке тағзым еткен ерекше іс-шараның куәсі болдық. Бұл қасиетті орын кездейсоқ таңдалмағаны сөзсіз: дәл осы жерде талай батыр бабалардың ерлігі мен отансүйгіштігінің ізі жатыр.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Іс-шара барысында ҰҚК Шекара қызметінің Алматы облысы бойынша департаментінің эстафеташылар тобы эстафета алауын Жетісу облысынан қабылдап алды. Бұл сәт – ұрпақ сабақтастығының, достық пен бірліктің айқын көрінісі болды. Эстафета аясында шекара қызметінің ардагерлеріне ерекше құрмет көрсетілді. Сондай-ақ, «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының мүшелері Мәңгілік алау басында құрмет қарауылына тұрып, ерлік рухына тағзым етті. Іс-шара Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсімімен жалғасып, ҰҚК Шекара қызметі Ән-би ансамблінің майдан жылдарының әндеріне арналған әсерлі концертпен аяқталды. Бұл күн – ерлік тарихын жаңғырту, өскелең ұрпақтың санасына отансүйгіштік пен батырлықтың асыл құндылықтарын сіңіру жолында тағы бір маңызды қадам болды.

Әлібек ҚАЮПОВ,
ҚР ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы, полковник:

АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ
Ұлы Жеңіс күні – қанмен келген, жанмен қорғалған, рухпен ұрпаққа жеткен қастерлі дата. Соңғы демдеріне дейін шайқасқан шекара қызметкерлері бізге Отанды қалай сүю керектігін көрсетті. Бүгін сол жеңіс эстафетасы қазақ жеріне бейбітшілік пен батырлықтың белгісі ретінде жетіп отыр. Бұл іс-шараның Алматыда, дәл осы саябақта өтуі тегін емес. Бұл – ерлік рухының жалғасы, шекара қорғаушылар үшін үлкен мәртебе. Себебі, шекарашылар – ерліктің алдыңғы сапында жүрген қаһармандар. Бүгінде олар ел тыныштығы үшін қалтқысыз қызмет етіп жүр, бейбіт күннің күзетінде сап түзеген жауынгерлер. Біз аталар аманатына адал болуға ант еттік. Біз 80 жылдық тарихы бар Ұлы Жеңіске тағзым етеміз. Ардагерлерге мың алғыс!

Қазақбай ЕРШІКБАЕВ,
Ауған соғысының ардагері:

– Бүгінгі өтіп отырған іс-шара Ресей Федерациясында басталған эстафетаның жалғасы. Эстафета біздің елден кейін Қырғызстанда, Өзбекстанда жалғасады. 80 жылдық мерейтойға арналған бұл іс-шара – ардагерлерге деген құрмет пен тағзымның көрінісі. Алайда, өкінішке қарай, денсаулығына байланысты мұндай керемет іс-шараларды көре алмай отырған ардагерлеріміз аз емес. Эстафетаның негізгі мақсаты – Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларды ардақтап, олардың ерлігін жастарға үлгі ету. Қазіргі таңда елімізде 111 соғыс ардагері қалды. 80 жылдық мерейтойға орай көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Біз қолымыздан келгенше осындай іс-шараларға қатысып, жастарға өткен тарихты айтып, насихаттаудан жалықпаймыз.

ТАНЫМДЫҚ БАҒДАР

Алматыда Жеңіс батырларының есімін иеленген мектептердің III слеті өтті

Алматыдағы Мәншүк Мәметова Оқыған №28 мектеп-лицейде Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан батырлардың құрметіне халықаралық слет өтті. Слетке Мәншүктің бауыры Айман Қанатқызы Мәметова қатысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Салтанатты іс-шара Мәншүк Мәметованың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етумен басталды. Салтанатты жиынға Қорғаныс министрлігі Алматы гарнизонының әскери қызметшілері, курсанттар, әскери оркестр, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері және мектеп оқушылары қатысты. Ұлы Отанды жаудан қорғау жолында қазақстандық жауынгерлердің аса ерлікпен шайқасып, батылдық көрсеткені белгілі. Майданда батыллықтың үлгісін танытқан 500-ден астам адам Кеңес Одағының Батыры атанса, олардың қатарында шығыстың қос шолпаны Әлия мен Мәншүк, Сағадат Нұрмағанбетов, Рақымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы сынды батырлардың ерлігі ұрпақ жадында мәңгіге өнеге болып қалды. Соғысқа қатысқан 4 әскери ұшқышымыз екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды.

Бұған қоса, Алматыда жасақталған генерал Панфиловтың атақты 316-атқыштар дивизиясының Мәскеу түбінде болған шайқаста көрсеткен ерлігі тарихта өшпес із қалдырғаны белгілі. Жиын барысында Қазақстан халқының Отан қорғау жолында көрсеткен жанқиярлық ерлігі, тыл еңбеккерлерінің майданға азық-түлік жөнелтіп, осы жолда көрсеткен өлшеусіз еңбектері зерделенді. Бұл ерліктің ешқа-

шан ұмытылмайтыны кештің алтын арқауына айналды. Слетке қатысушыларды Мәншүктің бауыры Айман Мәметова құттықтап, ақжарма тілегін жолдады.

– Мен Мәншүктен он бес жас кішімін. Біз екі туған бауырдың балаларымыз. Мәншүктің әкесі Ахмет, менің әкем Қанат бір әкеден туған. Артында іздеушісі жоқ демесін деп, Мәншүк жерленген жерге үш рет барып қайттым. Мәншүктің атын өшірмей, ерлігін дәріптеп отырған ел азаматтарына, Мәншүк апамның атын иеленген мектептерге алғыстан басқа не айтайын, – деді Айман Мәметова. Алматыдағы слеттің екінші күні Панфилов саябағында жалғасты. Қатысушылар Мәңгілік алауға тағзым етіп, ашық аспан астындағы көрмені тамашалады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айсұлу ТЕМІРҒАЛИҚЫЗЫ,
М.Мәметова атындағы №28 мектеп-лицей басшысы:

ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Халықаралық слетке Кеңес Одағы Батырларының есімін иеленген мектептер ғана қатысып отыр. Бұл жиынға Алматы қаласы және еліміздің түкпір-түкпіріндегі мектептермен қоса, Ресей Федерациясынан, Санкт-Петербург қаласындағы Әлия Молдағұлова атындағы №140 мектеп пен Невель қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы №5 мектеп те онлайн форматта қосылып отырды. Сондай-ақ, еліміздегі Мәншүк атындағы мектептер де осынау слетке қатысып, ерлікті дәріптеп жатыр.

Қазіргі таңда интерактивті алаңдарда түрлі сайыстар мен конкурстар өтіп, спорт алаңдарында жоғарғы техникалық мектеп полкі оқушыларға кәсіби-бағдарлық жұмыстарын көрсетуде. Әскери дайындық бағытында да көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Мәселен, оқушылар әскери автоматты жинап, қайта шашу сияқты жаттығулармен танысты. Бүгінгі слетке әртүрлі ұйым өкілдері де келіп отыр. Атап айтқанда, Офицерлер одағы, С.Ж.Асфендияров атындағы медицина университетінің әскери кафедрасы қатысып жатыр. Кезінде бұл оқу орнында



Мәншүк Мәметова білім алғандықтан, біз аталмыш университетпен тығыз байланыстамыз.

Сондай-ақ, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің әскери кафедрасы да қатысуда. Жиынға Алматы қаласындағы Панфилов атындағы №54 мектеп, Әди Шәріпов атындағы №16 мектеп, Сұлтан Қожықов атындағы №39 мектеп, Бауыржан Момышұлы атындағы №131 және №64 мектептердің жас сарбаздар клубтары қатысып жатыр. Біздің мектебіміз 1960 жылы Мәншүк Мәметова атын иеленіп, 1978 жылы оның анасы Әмина Сүлейменқызының бастамасымен арнайы музейі ашылды.

Міне, сол музей 47 жыл бойы патриоттық тәрбиенің орталығы ретінде қызмет етіп келеді. Мектебіміздің атына сай болу үшін жыл сайын Мәншүктің туған күні мен қаза болған күніне орай түрлі іс-шаралар ұйымдастырамыз. Халықаралық слет бұған дейін Мәншүктің 100 жылдығы мен оның Кеңес Одағының Батыры атағын алғанына орайластырылып өткізілген болатын. Мектеп музейінде «Әскери-патриоттық клуб», экскурсоводтар және журналистер клубы жұмыс істейді. Болашақ журналистер қонақтардан сұхбат алып, оларды әлеуметтік желілерде жариялап жатыр. Біз мұны үлкен тәрбиелік мәні бар танымдық бағдар деп есептейміз.



Ерлік елге – мұра, ұрпаққа – ұран!

ЖЕҢІС ЖОЛЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

(деректер мен дәйектер)



(Басы №34-36 сандарда)

ҚАЗАҚСТАНДА ӨНДІРІЛГЕН

• Қазақ елі 1942 жылы Одақта өндірілген қорғасынның 85%-ын, көмірден 18%-ын, октанды мұнайдың 1 миллион тоннаға жуығын берді. Өндірілген 100 тонна молибденнің 60 тоннасын Шығыс Қоңырат руднигі өндірді.

• Сондай-ақ, мыс құймасының 30 пайызын, вольфрамның 20%-ын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 (кей деректе – 50%) пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын өндірді.

Ұлы Отан соғысында атылған әрбір 10 оқтың тоғызы Шымкент қорғасын зауытында құйылғаны ел арасында аңыз болып тарады. Бұл жылдары Қазақстанда танктер мен ұшақтар құрылысы үшін ақша жинау қозғалысы басталды. Шымкент теміржол торабының комсомол жастары танк колоннасын жасақтау үшін жинаған қаражаттың нәтижесінде 1942 жылы Қазақстан комсомолдарынан 45 жаңа танк майдан даласына аттанды. 1942-1943 жылдары халық қаражатынан соғыс шебіне 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, катерлер мен атаулы ұшақтар жіберілді. Даңқты баулан Қажымұқан Мұңайтпасұлы 100 мың сомға ұшақ сатып алып, майдан шебіне жіберген.

Жалпы, Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан халқы кеңес әскерін азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ, оқ-дәрімен қамтамасыз етті. Майдан қажеті үшін жиналып, аударылған 4 миллиард 700 миллион рубль қаражат Кеңес Одағының соғыс жүргізуге екі апта бойы жұмсайтын тікелей шығындарын жапты. Қазақ елі 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 миллион 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн, 2,5 миллион дана жылы киім және басқа да өнімдерді майдан даласына жіберді. Алматы фабрикаларында тігілген 25 000 тонна жылы киімдер майдандағы жауынгерлерге жеткізілді. Республиканың тыл еңбеккерлері майданға 110 000-нан аса жылқы, жаудан азат етілген аудандарға саны 500 000-нан астам мал жіберді. Тылда еңбек еткен Ыбырай Жақаев, Шығынақ Берсиев, Б.Сам-жүрекова, Ким Ман Сам, В.П.Кривич, И.Я.Кудлай есімді жұмысшылардың ерлігі Одақ халқы арасында аңызға айналды.

Тыл аймақтарының тұрғындары майданға патриоттық қолдау көрсетумен қатар ұрыс даласында жүрген жауынгерлердің отбасыларына және жесір әйелдер мен жетім балаларға қамқорлық көрсетті. Өз аумақтарының экономикасы мен тұрмысын, мәдени өмірін қалпына келтіруге де ерен еңбектерімен үлес қосты.



Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан үлкен эвакогоспитальға айналды, мұрағат деректеріне сүйенсек, 1943 жылдың 1 қаңтарында тек Алматыда ғана 530 эвакуацияланған дәрігер болған екен. Мегаполистегі көптеген мектептер әскери госпитальдарға берілді. Еліміздің, Алматының госпитальдарынан он мыңдаған жаралылар аяққа тұрғызылып, өмірге оралды, мүгедек болса да тылдағы жұмысқа араласты, қолға қару ұстай алатындар қайтадан майдан даласына аттанып жатты.

АЛМАТЫ – ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ҚАЛА


Алматы соғыс кезінде майдан үшін аса маңызды орталықтардың бірі еді. Мұнда эвакуацияланған зауыттар, ғылыми және мәдени мекемелер орналас-ты. Қалаға Мәскеу, Ленинград, Киев секілді ірі орталықтардан ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері көшіп келді.

Шаһар тек қана көшірілген зауыттар мен фабрикалардың ғана емес, сондай-ақ мәдени-ағарту мекемелері мен халықты қабылдаудың негізгі штабы болды. Шаһар ірі әскери, мәдени, ғылыми орталыққа айналды. Қалада майданға қажетті киім мен азық дайындайтын кәсіпорындар жұмыс істеді. Қала халқы күндіз-түні жұмыс істеп, Жеңіске үлес қосты, әрбір отбасында майданға көмек көрсету дәстүрге айналды.

Сондай-ақ, Қазақстанға 25 ғылыми зерттеу институттары, жоғары және орта техникалық оқу орындары мен мәдени-ағарту мекемелері көшірілді. Мәдени-ағарту мекемелерінің ішінде Мәскеудің Москеңес атындағы драма театры, Киевтің мемлекеттік музыкалық комедия театры және Львовтің «Трембита» хор капелласы болды.

1942 жылдың басында Москва, Ленинград киностудиялары Алматыға көшірілді, олар Алматы көркемсурет фильмдер студиясымен біріктіріліп, Біріккен Орталық киностудиясы құрылды. Орталық киностудия қазіргі Жамбыл филармониясы Төле би – Қалдаяқов көшелерінің қиылысында орналасқан ғимаратта болды. Біріккен Орталық киностудиясы отандық фильмдердің 80%-ын шығарды, бұл – 23 толық метражды және 10 қысқа метражды фильм. Қазақстанда түсірілген деректі фильмдер ел тағдырында шешуші роль атқарған тарихи құбылыстар мен оқиғаларды қамтиды. Соғыс жылдары Орталық кинохроника студиясы уақытша үшке бөлініп, Москва, Алматы, Куйбышев қалаларында жұмыс істеді. Сондықтан Алматы кинохроника сту-

диясы «Советтік Қазақстан» киножурналымен бірге одақтық киножурналдарды шығарып отырды. Қазақстанда соғыс жылдарындағы халықтың тыныс-



Алматыдағы «Медеу» шатқалы аумағында майданда жараланған жауынгерлерге арналған әскери госпиталь жұмыс істеді. 1943 жыл.



Тігін фабрикасы. 1942 жыл. Соғыс жылдары еліміздің өндірістік кәсіпорындары майданды шамамен 25 мың тонна қысқы киіммен қамтамасыз етті.

(Суреттер: «Орталық мемлекеттік кино-фото құжаттар мен дыбыс жазбалары архиві»).



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 7 айға – 4293,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 7 айға – 9209,34 (қала), 5623,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 7 айға – 2753,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «**Almaty aqshamy**» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

БӘРЕКЕЛДІ!



ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІНЕ ПӘТЕР кілттері табысталды

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов Париждегі жазғы Олимпиада ойындарында медаль жеңіп алған спортшыларға пәтер кілттерін табыс етті.

Бес спортшы жаңа пәтер иегерлері атанды. Спорттық гимнастикадан Олимпиаданың күміс жүлдегері Нариман Құрбанов екі бөлмелі пәтер алды. Қола жүлдегерлер – бокстан спортшы Назым Қызайбай мен атқыш Ислам Сәтбаев бір бөлмелі пәтер иегерлері атанды. Дзюдошы Гусман Қырғызбаев және пневматикалық мылтықтан ату спортшысы Александра Ле жаттығу жиындары мен халықаралық жарыстарда жүргендіктен, оларға пәтерлерінің кілттері Алматыға оралған соң беріледі.

«Спортшыларымыздың жеңістері – көп жылғы қажырлы еңбектің нәтижесі және спортшылардың жаңа буыны үшін лайықты үлгі. Алматы жетістіктеріңізді жоғары бағалайды және Сіздерді жаңа жетістіктерге жету жолында үнемі қолдайтын болады», – деді Бейбіт Шаханов.

Өз кезегінде спортшылар да көрсетілген қамқорлық пен қолдау үшін алғыс айтты. Еске сала кетейік, 2024 жылдың 11 тамызында Парижде XXXIII жазғы Олимпиада ойындары аяқталды. Алматылық спортшылар бірқатар медальдарды жеңіп алды және халықаралық аренада еліміздің спорттық беделін нығайтты әрі Қазақстанды абыроймен әлемге паш етті. 20 тамызда Алматы қаласының әкімдігінде Олимпиада жүлдегерлерімен салтанатты кездесу өтті. Іс-шара аясында спортшыларға ақшалай сертификаттар, автокөлік кілттері, сондай-ақ тұрғын үй алуға сертификаттар табыс етілді. Кездесу кезінде Алматы әкімдігінен ақшалай сыйлықтар мен автомобильдер табысталды.

Тұрғын үй беруге келетін болсақ, жүлдегерлерге берілген сертификат титулды спортшыларды пәтерлермен қамтамасыз ету тетігінің бірінші кезеңі болып табылады. Сертификаттар тапсырылғаннан кейін тұрғын үй сатып алу рәсімі іске қосылды. Бұл процесс жеке бюджетті қалыптастыруды және конкурс жариялаудан бастап шарттар жасасуға дейінгі барлық қажетті мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізуді қамтиды. Бұл процедуралар заңнамамен қатаң реттеледі және белгілі бір уақытты қажет етеді.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 23 сәуірдегі
№2/262-593 қаулысы

Жария сервитут белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**


- Алматы қаласы, Медеу ауданы, Н.Қаппаров көшесі, 9/14 үй мекенжайы бойынша орналасқан тұрғын үй кондоминиум мүшелеріне ортақ өтетін жолды ұйымдастыру үшін ауданы – 0,1965 га (жалпы ауданы – 3,0026 га) жер учаскесінің (кадастрлық нөмірі 20-315-938-009) бір бөлігіне осы қаулыға қоса берілген сызбаға сәйкес жария сервитут белгіленсін.
- Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты:
 - Осы қаулыны мүдделі тараптардың назарына ұсынсын;
 - Осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
 - Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
 - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ПЛАН ГРАНИЦ ПУБЛИЧНОГО СЕРВИТУТА

Публичный сервитут проекта дороги общего пользования
по ул. Н. Каппарова



Масштаб 1:2000

Условные обозначения:

□ - проектные границы публичного сервитута

Местоположение: г. Алматы, Медеуский район, ул. Н. Каппарова

Площадь: 0,1965 га, 20-315-938-009



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.**
**Нөмірдің таралымы –
13 260 дана (сенбі)**

**Кезекші редактор –
Ернұр РЫСБАЙ**

Газет "Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті"
республикалық мемлекеттік
мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да
басылды. 050026, Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»
әуе компаниясының бизнес-класс
бортында және «Жолаушылар
тасымалы» АҚ пойыздарындағы
жолаушыларға қолжетімді.

ОЙТҮРТКИ

«БАЛАМНЫҢ ТІЛІ НЕГЕ КЕШ ШЫҚТЫ?»

Бұл ата-аналар тарапынан жиі қойылатын сұрақтың бірі. Алаңдауға негіз бар ма?

Сауал астарында көптеген биологиялық, әлеуметтік және технологиялық себептер жатуы мүмкін. Сарапшылар бұл мәселені назарда ұстау керектігін айтады. Баланың тілінің уақытында шығуы – оның жүйке жүйесінің, есту қабілетінің және әлеуметтік ортамен байланысының қалыпты екенін білдіреді. Егер бала 2 жасқа дейін сөйлем құрай алмаса, онда бұл кеш сөйлеудің белгісі болуы мүмкін.



Ернұр
РЫСБАЙ

Педиатрия және балалар неврологиясы саласында жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, бала тілінің кеш шығуы көбіне мына факторларға байланысты болады. Ең алғашқы себеп – генетикалық бейімділік. Егер ата-анасының бірі бала кезінде кеш сөйлеген болса, балада да осындай үрдіс қайталануы ықтимал. Қазіргі таңда ең жиі кездесетін себептің бірі – экрандық құрылғылардың артық қолданылуы. Күнделікті планшет пен теледидарды көп көру – бала мен ата-ана арасындағы нақты қарым-қатынас мүмкіндігін азайтады.

Сондай-ақ, қоғамдық қарым-қатынастың жетіспеушілігі әсер етуі әбден мүмкін. Бала ересектермен немесе өзімен қатар құрбыларымен аз сөйлессе, миы сөйлеуге қажетті стимулды толық ала алмайды. Сонымен қатар, неврологиялық және психологиялық бұзы-

(Сурет: Жасанды интеллект).



Бала тілінің кеш шығуы – ата-ана үшін алаңдарлық жайт. Дегенмен, бұл мәселеге уақытында назар аударып, арнайы мамандармен бірге жұмыс істелсе, көп жағдайда оң нәтиже береді. Ең бастысы – балаға мейіріммен қарау, оны тыңдауға, сөйлетуге ұмтылу.

лыстар болуы ықтимал. Мысалы, аутизм спектріндегі бұзылыстар немесе есту қабілетінің төмендеуі тіл дамуына тікелей әсер етеді.

Мамандар баланың уақытылы сөйлеуі үшін не істеу керек деген сұраққа төмендегідей кеңес береді: біріншіден – экран уақытын шектеу. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) 2 жасқа дейінгі балаларға экранмен мүлде байланыс болмауы керек екенін ұсынған. Екіншіден – күнделікті сөйлеу тәжірибесін арттыру. Баламен қарапайым тілде жиі сөйлесу, суреттер көрсетіп, аттарын айту, ертегі оқу сияқты әрекеттердің тиімділігі жоғары.

Сондай-ақ, мамандарға дер кезінде жүгінудің маңызы жоғары. Егер балаңыздың тілі 2 жасқа дейін шықпаса, логопед пен невропатологқа көрсету қажет. Ерте араласу – оң нәтижеге алып келеді. Сонымен қатар, әлеуметтік орта құру маңызды. Баланың өз жасындағы балалармен қарым-қатынас орнатуы сөйлеу дағдысын жылдам дамытады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақтолқын ӘШІРӘЛИЕВА,
психолог:


СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ ТУ МАҢЫЗДЫ



Баланың кеш сөйлеуі тек биологиялық немесе медициналық себептермен ғана емес, әлеуметтік факторлармен де тығыз байланысты. Әсіресе, отбасындағы қарым-қатынас мәдениетінің қалыптаспауы бұл үдерістің тежелуіне себеп болуы мүмкін. Мысалы, кейбір отбасында ата-ана балаға не жейтінін, не киетінін ыммен немесе ишарамен көрсетеді. Яғни сөзбен емес, үнсіз әрекет арқылы қарым-қатынас жасайды. Бала мұндай жағдайда тілді қолдану қажеттілігін сезінбейді. Бұл – оның сөйлеуге деген табиғи сұранысын төмендетеді. Сонымен қатар, балаға қажетті назардың, сөйлесу мен эмоционалды қолдаудың жетіспеуі де маңызды себептердің бірі ретінде қарастырылады.

Егер ата-ана баламен жиі сөйлеспесе, сұрақтарына жауап бермесе немесе ойымен бөлісуге мүмкіндік бермесе, балада тілдік белсенділік тежеледі. Баланың күнделікті ортада жиі ұрыс-керісті көруі немесе оған ата-анасының айқайлауы да жағымсыз әсер етеді. Мұндай жағдайда бала үнемі күйзеліс күйінде болады. Ал бұл стрестік жағдайлар ми қызметіне, оның ішінде тіл мен эмоцияны реттейтін бөліктерге әсер етіп, сөйлеудің дамуын баяулатуы мүмкін. Сондықтан бала тілінің уақытылы дамуы үшін отбасында ашық әрі жылы қарым-қатынас ортасын құру маңызды. Бала өзін еркін сезініп, ойын сөзбен жеткізуге мүмкіндік алған сайын, оның сөйлеу дағдысы да табиғи түрде дами түседі.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.